

Ы. Құттымұратова



Қазақ тілінен

ДИКТАНТТАР

ЖИНАҒЫ

(Әдістемелік
көмекші құрал)



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ХАЛЫҚКА БИЛИМ БЕРУ МИНИСТРЛИГИ
ЎЖИНИЗ АТЫНДАҒЫ НӨҚИС МЕМДЕКЕТТИК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

Ы. Кўттымўратова

**ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН
ДИКТАНТТАР
ЖИНАҒЫ**

(Әдістемелік көмекші құрал)

**TOSHKENT
2018**

УДК: 811.512
КВК 83(5У)
К – 99

Құттымұратова Ы.

Қазақ тілінен диктанттар жинағы: (Әдістемелік көмекші құрал). /
Томскент, "BAUOZ", 2018. – 80 бет.

Құрастырған: Ы.Құттымұратова

Ұсынылып отырған диктанттар жинағы Өзбекстан және Қарақалпақстан көлемінде тәлім қазақ тілінде алып барылатын мектептер мен сыныптардың оқушылары үшін арналған. Диктант әр бір оқушының жазба сауаттылығын арттыруда, жазба әдеби тіл нормаларын сақтап жазу талаптарын меңгеруде үлкен маңызға ие.

Қазақ тілінен диктанттар жинағы (әдістемелік көмекші құрал) еңбегінде диктант түрлері берілумен бірге, оқушылардың емле бойынша білімдерін әлі де нығайту мақсатында жергілікті тіл ерекшеліктеріне тән сөздерді әдеби тілге салыстырып үйрену үшін тапсырмалар берілген. Бұл еңбек тынымдар, жоғары оқу орындарының қазақ филологиясы білімгерлері, зерттеуші – ғалымдар, мектеп, лицей, колледж мұғалімдері, әдіскерлер, қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушылары мен ана тіліміздің емле және пунктуациясымен қызығушылықтарға арналған.

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР:

Ш. Абдиназимов – КМУ Қарақалпақ тілі және әдебиеті кафедрасы профессоры, филология ғылымдарының докторы

ПІКІР БІЛДІРУШІЛЕР:

С. Шыназарова – НМПИ Қарақалпақ тілі кафедрасының оқытушысы, филология

ғылымдарының кандидаты.

Б. Юсупова – НМПИ, Қарақалпақ тілі кафедрасы үлкен оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

М. Оразғалиева – Нөкіс қаласы 4-саныда мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәні оқытушысы

ISBN 978-9943-5261-1-2

УДК: 811.512
КВК 83(5У)

© «BAUOZ», 2018.
© Ы.Құттымұратова, 2018.

Кіріспе

Тіл – адамның қоғамдық қатынас құралы, ол үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді. Бұл ретте оқушының грамматикалық ережелерді жалаң жаттап алып, дайын мысалдарды мүдірмей айтып беруі мүлдем жеткіліксіз болады. Оқушы неғұрлым теориялық білімді практика жүзінде толықтырып, шығармашылық ісімен бекітіп отырса ғана тілді дұрыс игереді.

Мектеп оқушыларының сауатты болуы ұстазының да білім дәрежесін, тәжірибесіне, іскерлік қабілетіне байланысты. Мұғалім теориялық жағымен ғана шұғылданып, оқулық төңірегіндегі материалдан аспаса, онда оқушылардың білім дәрежесі ойдағыдай болмайды.

Тілді оқып үйрену де математиканы игерумен пара-пар, өйткені тілдің ережелері де бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан оқушының фонетика, лексика, морфология, синтаксис салаларынан алған білімдері өзара берік ұштастырылып отыру тиіс.

Мектеп бағдарламасында көрсетілгендей, тілді оқып үйрену екі сатыда жүргізіледі. Бірі - бастауыш, І-ІV сыныптарда, екіншісі - V-IX сыныптарда. Қайсы сатыда болсын оның негізгі мақсаты - оқушыны сауатты жазуға дағдыландыру. Осындай жаттығу жұмыстардың бір түрі - диктант. Диктант латынша (дикто) деген сөз. Оның мағынасы естірітіп айту деген ұғымды білдіреді.

Оны жүргізу көбінесе оқушылардың теориялық білімін сынауға қолданылады. Олардың өткен материалды қаншалықты меңгергені диктант жаздыру барысында біледі. Соның нәтижесінде мұғалім қай оқушының қандай тақырыптан қандай қате жібергенін айқындай алады және қандай шара қолданудың да жолдарын белгілейді.

Жалпы білім беру мектептерінде оқушылардың жазба сауаттылығын арттыруда әріптердің дұрыс жазылуына қол танбасының әдемі болуына коллиграфия сөздерді дыққатпен тыңдай білуге және мағыналары терең үйренуде диктант жұмысы белгілі маңызға ие

Оқушылардың тіл байлығын дамытуда 10 нан артық диктант түрлері бар Мысалы: түсінідіру диктанты, ескерту диктанты, тандау диктанты, еркін диктант, сөздік диктант,

шығармашылық диктант, суретті диктант, көру диктанты, өз өзін тексеру диктанты, тексеру диктанты т.б.

Біз мектепте осы диктанттардың кейбір түрлерінің өткерілу үлгілерін ұсындық.

1.1. Диктантты өткізуге қойылатын жалпы талаптар

Диктанттың өткізілетін түрі екі-үш күн бұрын оқушыларға айтылып, оған оқушылардың қалай дайындалуы керек екендігі (қайталау, жаттау, т.б.) ескертіледі. Диктант үшін ұсынылатын текстер орфографиялық тұрғыдан таныс, яғни өткен сабақ материалдары негізінде алынады. Егер текст құрамында өтілмеген емле, тыныс белгілері немесе айтылуы мен жазылуы қиын сөздер кездессе, олар түсіндіріліп, тақтаға жазылады.

1. Диктанттың қай түрі болсын текст орфографиялық заңға сүйеніп, кідіріс (пауза) жасап, негізінен үш рет оқылады.

2. Тексті жазудан алдын оқушыларға оны бар ынта-зейінімен тыңдап, мазмұны бойынша жазу, ауыр тиетін сөздерді қалағалап отыру талсырылады.

3. Оқылған дыбыс, буын, сөз және сөйлемнің маңынасын түсініп, іштей қайталап, қалай жазылатынын еске түсірген соң барып жазуға кіріскен жөн. Шаға естіп, мағына, мазмұнын түсінбей қалған оқушы мұғалімнің екінші рет оқуын күтеді. Диктант жазу үстінде қасындағы жолдасының дәптеріне қарауға болмайды. Одан немесе мұғалімнен не жазу керектігін сұрап, кедергі жасауға тыйым салынады.

4. Мұғалім мәтінді ең бауу жазғанын оқушының үлгеріп жазу жылдамдығын сақтап оқиды.

5. Диктант жазылып болған соң мұғалім мәтінді тағы бір рет түгел оқып шығады. Оқушылар жазғандарын мұғалімнің оқығанына ілесе тексеріп, қалып қойған сөз, әріп болса, қол көтеріп сұрап, мұғалімнің қайталауымен толықтырылады.

6. Ең соңында оқушылар жазған текстерін өз беттерімен тексеріп шыққан соң, диктант дәптерілері жинап алынады.

1.2. Диктант жазудың психологиялық ерекшелігі

Қазіргі жағдайда әр балаға тән ерекшеліктерді есепке алу өте күрделі. Өйткені әр бала – жеке тұлға. Сондықтан да сынып және үй жұмыстарын орындауда білімділікті бекіту әр баланың өзіндік жұмыс жасауына жағдай туғызу үшін жеке-дара тұрғыдан келу маңызды.

Төртінші сынып оқушылары, ең алдымен, жаттап алған тақтақ, өлеңдерді және сөздерді оқиды. Мысалы, жергілікті оқулықта картофель, капуста, морковь, лук сөздері бар. Әрине аталған сөздердің мәні алдын-ала анық түсіндірілген, ал балалар сөздерді дұрыс айту және жазу мақсатында жаттығу жұмыстарын орындайды. Үш оқушы өлеңді жаттап айтып береді, жеміс-жидектерді қазақшаға аударады. Сонынан оқушылар диктант жазуға кіріседі.

1.3. Үйрету диктанттарының маңызы

Үйрету диктанттарының аты, мазмұны, көлемі әр түрлі болғанымен, олардың алдына қойған мақсаттары бірдей: таныту, үйрету, жаттықтыру, дағдыландыру, меңгерту. Сондықтан үйрету диктанттарында қолданылатын әдіс-тәсілдер көбіне ыңғайлас, ұқсас болады. Үйрету диктанттары негізінен жана ғана өтілетін немесе екі-үш күн бұрын өткен материалдарға тән ерекшеліктерді жете меңгертуге ыңғайлы әрі тиімді болып келеді. Мұнда мұғалім қай оқушыға қандай сұрақтар қоятынын алдын-ала ойлап, әдіс-тәсілдер мен көрнектіліктерді соған орай пайдаланғанда ғана еңбек нәтижелі болмақ, яғни сыныптағы оқушылардың білім олжылықтарын дәл танып жұмыс жүргізу мұғалімнің ізденіштігі мен байқамапаздығын көрсетеді.

Үйрету диктанттарының тағы бір ерекшелігі – оқушыларды ойлануға, ізденуге, өз ойларын салыстыру әдісі бойынша дәлелдеп айта білуге және өз беттерімен жұмыс істей білуге төселдіреді. Бұл оқушыларды құшындырып, өз ісіне деген сенімділігін арттырады.

Қысқасы, үйрету диктанттары оқушыларды сауатты жазуға ғана баулып қоймайды, алған білімін сыннан өткізіп,

буыннан, неше дыбыстан құралғанын, бірінші буындағы дауыстының жуан немесе жіңішке екенін айқындап, ондағы бір дыбыстың әріпке айналғандағы жазылу емілесін айтып өтеді. Бұл, мысалы, былайша баяндалуға тиіс: көз, құлақ, құлақшын, көзілдірік сөздері бір, екі, үш, төрт буыннан құралған. Көз сөзінде 3, көзілдірік сөзінде 10 дыбыс (әріп) бар. Төрт сөз төрт түрлі мағына білдіріп тұр. Бұл сөздерде қазақ алфавитіне тән а, ұ, г, ы, һ әріптері жоқ.

Сөйтіп, сөз диктантын жазу үстінде оқушылар фонетикалық, орфографиялық, лексикалық талдауларға жаттыға бастайды. Сондықтан сөз диктантында әріп, буын диктанттарындай көру, терме, өздік, сөздік, шығармашылық диктанттарды жиі жүргізу өте қажет. Сонда ғана бабалардың сөздік қоры толыға түседі.

Ана тілі лексикасы бойынша алған білімдері оқушылардың есінде (жадыларында) сақталуы үшін сөздер олардың белсенді сөздік қорына айналуы керек. Сөздердің оқушылардың белсенді сөздік қорында болуы үшін жұмыстың алуан түрлерін жүргізу шарт. Балалардың жаттап алған өлең, тақпақтарындағы сөздер бойынша дербес немесе өздік диктант жүргізу – аталмыш жұмыстың дара формасы болып саналады.

1.7. Сөйлем диктантының жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Диктанттың бұл түрі алғашқылардың бәрінен де күрделі. Өйткені бұл бір, екі, үш, төрт, бес, одан да көп сөздерден құралып, аяқталған ойды білдіреді.

Мысалы: Қыс. Таң атты. Мен төсектен тұрдым. Күндегі әдетімше төсекімді жинадым. Асықпай ертеңгі тамағымды ішуге отырдым.

Сөйлем диктантын жаздырудағы мақсат – оқушыларға сөйлемнің сыртқы құрылымын таныту және оны құрай білуге машықтандыру. Мұғалім сөйлем диктантын өткізуге кірісер алдында басқаларға түсіндіретін сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен басталып, сөздер бір-бірінен бөлек жазылатынын, мағынасына қарай сөйлем соңына нүкте, леп немесе сұрау белгілерінің бірі қойылатынын, сондай-ақ қазақ тіліне тән дыбыстардың (әріптердің) бар-жоғын айтады.

Әріп, буын, сөз және сөйлем диктанттарын жаздыру үшін төмендегідей әдістер пайдаланылады.

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа бөлінеді: **мәтінді өзгертілмеген және мәтінді өзгертілген диктанттар.**

Мәтінді өзгертілмеген диктанттар ішіндегі күрделісі – **түсіндірмелі диктанттар.** *Түсіндірме диктант* өтіптен тақырыпты оқушылардың қалай меңгергенін байқау мақсатында бірден мұғалімнің айтуымен жазылады да, содан соң түсіндіріледі. Диктант жазу барысында мұғалім тексті барлық оқушының жазып отыруын ерекше қадағалауы керек. Түсіндірме диктантты тақтаны пайдалану арқылы да жүргізуге болады. Мұнда мұғалімнің айтқан тексін бір оқушы тақтаға, қалғандары дәптеріне жазды.

Тақтаға шыққан оқушы жазып болғаннан кейін, мұғалім тапсырманың орындалуын бүкіл сыныпты қатыстыра отырып тексереді. Диктанттың бұл түрі оқушылардың ережені есте сақтауына көмектеседі. Бұл диктанттар дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің, тасымалдың, біріккен сөздердің, қос сөздердің, қысқартқан сөздердің, зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің, тұйық етістіктің, үстеулердің, шылау сөздердің емлелеріне байланысты жүргізіледі. Түсіндірме диктант екі түрге бөлінеді:

- а) есту диктанты.
- ә) көру диктанты.

1.8. Есту диктанты

Емле ережелерінің шегін ажырата отырып, оқушылардың есту қабілетін арттыруға байланысты орындалады. Есту диктантының орындалу тәсілі екі түрлі. **Бірінші түрі:** дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің, тасымалдың, сөз құрамының және сөз таптарының жазылу ережесі ауызша түсіндіріледі де, осы мәліметке сай дайындалған мәтінге оқушылар көз жүгіртіледі. Сонан соң бұл мәтін мұғалім тарапынан жаздырылады. **Екінші түрі:** мұғалім белгілі емлеге сай дайындалған мәтінді жаздырады. Жазу үстінде белгілі бір емлелердің астын сызып отыруды жүктейді. Сонан соң

диктанттағы емлені оқушылардың өздері түсіндіріп, қатесін өздері түзетеді. Белгілі бір емлені түсіндіруге байланысты алынған диктанттың мәтіні 40-50 сөзге, ал арнайы жүргізілген диктант мәтінінің сөзі 90-210 сөзге дейін болады.

1.9. Көру диктанты

Емлені айыра отырып, оқушылардың көру қабілетін дамыту мақсатында жүргізіледі. Бұның да орындалу амалы екі түрлі. **Бірінші түрі:** емлеге сай дайындалған мәтін оқушыларға түгелдей оқытылады да, оны мұғалім дәптерге жаздырады. Содан кейін оқушылар жазылған диктантты емлеге сай түсіндіреді. **Екінші түрі:** мұғалім дайындаған мәтінді тақтаға жазды. Емлеге байланысты түсіндіру кезінде тақтадағы орфограммалардың асты сызылады. Содан соң тақтадағы мәтін өшіріледі де, сол мәтінді мұғалім оқушыларға жаздырады.

Бұл диктант оқушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестері және шатын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді де алуға болады.

Диктант мәтіндері үзіліс кезінде тақтаға немесе алдын-ала аумақты қағазға жазылып, ілугі тұрғаны дұрыс. Оны оқушылардың 2-3 рет оқып шығуына, естерінде сақтауына 1-2 минут уақыт беріледі. Содан кейін мұғалім оны жазуып немесе жинап қояды. Оқушылар көрген, оқыған сөздерін немесе мәтінді естеріне түсіріп, өз беттерінше дәптерге жазды.

1.10. Өздік диктанты

Өздік диктанты оқушылар мәтінді (тексті) мұғалімнің айтуы бойынша емес, өздігінен жатқа жазды. Өздік диктант жазғызудың бірнеше жолы бар. Олар: бірінші - өтілген тақырыпты бекіту мақсатында мұғалім диктант мәтінін тақтаға жазды, жеке сөздердің жазылуы, грамматикалық ереже түсіндіріледі. Мәтін бірнеше рет оқылады. Содан кейін тақтадағы текстің беті жабылып қойылады да, оқушылар оны жатқа жазды. Оқушылар түгел жазып болған соң, диктант тақтадағы мәтінмен

салыстырылады. Екінші - мұғалім мәтінді кітаптан көрсетіп береді. Тексті бірнеше рет оқып шыққан соң, кітап жабылып, оқушылар жатқа жазды. Содан кейін кітаптағы текспен салыстырылады. Үшінші - оқушыларға өлеңді жатқа жаздыру.

Өздік диктантын жаздыру арқылы оқушылардың өткен сабақты меңгергенін ғана емес, орфографиялық және синтаксистік ережелерді қалай ұғынғанын оларды тажрибеде қалай пайдалана білетінін байқауға болады. Өздік диктант оқушылардың ой-өрісін, сөздік қорын молайтуға көмектеседі

Диктанттың бұл түрінің де өткенді қайталап, тіл ұстартуға маңызы зор. Оқушылар өтілген материалдарға байланысты әріптер мен буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдер мен жатталған өлеңдерді, жұмбақтар мен жанылпапштарды естеріне түсіріп, өздігінен ойанып отырып жазды. Мұғалім өздік диктанттың қай күні болатынын, нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын-ала ескертіп қояды. Сонда оқушылар үйден шала жаттаған өлең, жұмбақты, жанылпапштар мен ережелерді пысықтап келетіні болады.

1.11. Шығармашылық диктант

Диктанттың бұл түрі – үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, стиль, әдіс-тәсілі жағынан ең күрделісі, оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерінің көрсеткіші. Шығармашылық диктантты мұғалім оқушылардың өздігінен жазған жазба жұмыстарында кәте жібермеуге, өз ойларын сауатты жазуға төселдіру үшін қолданылады. Мұнда мұғалім тақтаға жазылған жеке сөздер мен сөйлемдерді қатыстырып сөйлем немесе шатын текст құрап жазуды тапсырады. Сонымен қатар, көрген, оқыған нәрселерінен белгілі бір тақырып құрастырып, ойларын өз сөздерімен жаздырады. Мысалы, (Жазғы демалыс), (Мұз айдынында), (Біздің көмегіміз), (Табиғат қойнауында), (Қырман басында) деген сияқты тақырыптарға шығарма жазып келуді тапсыруға да болады. Диктанттың бұл түрі I кластан бастап қолданылады.

Сондықтан бұл диктант шолу, қорытындылау, қайталау сабақтарында жиі жүргізілсе, шәкірттер ескерту, бақылау диктанттарына сенімді дайындықпен келеді.

Шығармашылық диктанты атынан-ақ белгілі мұнда оқушылар шығармашылықпен жұмыс жасайды. Бұл диктантты жазуда оқытушы белгілі тақырыпты мысалы біріккен сөздер мен қос сөздер өтіліп болған соң алынады.

Бұл жайлы қарақалпақ тілі білімінде методикаға байланысты төмендегі еңбектерде бір канша пікірлер білдірілген.

«Сөздердің емлесі»не байланысты сөздер тақтаға жазылып ол сөздерді сөйлем ішінде келтіріп көру оқушыларға тапсырылады. Сондай-ақ шығармашылық диктанттың бұл түрінде орфографиялық қатесіз жазуға тиіс сөздерді мұғалім бірден тақтаға жазбастан оның қалай жазылуы қатгидасы айтылады. Оқушылар соған сай мысалдар ойлап табады және сынып тақтасына жазылады.

Шығармашылық диктантты суретті диктант деп те атауға болады. Себебі қандай да бір тақырыпты терең түсіндіруде сол тақырыпқа байланысты сөздер сурет мазмұнынан келіп шығып, оқытушы тарапынан тақтаға жазылады және оқушылар сол сөздерден еркін түрде қолданып, сөйлем құрайды және диктант тексті жаратады¹.

1.12. Сөздік диктанты

Сөздік диктанты сабақтың кез-келген уақытында жазылады. Оған оқушылардың жыл бойы меңгеруге тиісті термин сөздері, омоним, антоним сөздері және жазылуы қиын сөздер алынады. Текстің көлемі 5-10 сөзден аспауы керек. *Сөздік диктанты* жазғанда оқушылар жеке сөздердің мағынасымен танысады. Бұл диктанты жаздыру үшін мұғалім текст таңдайды, онда оқушыларға орфографиялық немесе фонетикалық жағынан ауырлық келтіріп жүрген сөздерге ерекше назар аударады. Сөздік диктантты жүргізу үшін мұғалім бірнеше тәсілді (көру, есту, түсіндірме диктант-өңгіме түрлерін) қолданады. Сондай-ақ сөздік

диктанттың күнделікті сабақ барысында 5-8 минут уақыт бөліп өткізуге де болады.

Сөздік диктантын көру, өздік диктанттары ретінде де, мұғалімнің аузына айтуы бойынша да жаздыруға болады. Ол мұғалімнің еркінде.

1.13 Терме диктанты

Терме диктанты белгілі бір орфографиялық ережелерге байланысты, сөздер мен сөз тізбектерін жазуға байланысты жүргізіледі. Бұл диктант арқылы грамматиканың түрлі ережелерін қамтып пысықтауға болады. Оқушыларға күрделі бір терме тексті ұсынып, соның ішінен сөз туғаларының бірін немесе сөз таптарының бірін теріп жазуға тапсырма береді. Терме диктантта оқушылар берілген текстен керекті сөздерді ғана көшіріп қоймай, оның қандай туғалада тұрғанын да ажыратады. Диктанттың бұл түрі кез-келген ережеге негізделіп жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқымастан бұрын қандай ережеге көңіл аудару керектігін ескертеді. Оқушылар мәтінді түгел жазбай, мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазды.

1.14. Ескерту диктанты

Бұл диктант көлемі, орфографиялық емлеге тән сөздік қоры жағынан бақылау диктантына жақын келеді. Басқа диктанттардай тек кеше не бүгін ғана өтілген тақырыптарды емес, осы уақытқа дейінгі барлық материалдарды түгел қамтып, оқушыларды бақылау диктантына тікелей әзірлейді. Сондықтан бұл диктантқа енген мәтіндер бірін-бірі қайталамай, өткен материалдарды тиянақтап, толықтыра түсуге тиіс. Ескерту диктантына мұғалім де, оқушылар да тиянақты, ұқыпты да жауапты қарауы қажет.

¹ Қутлюевтаров В. Қарақалпақ тілін оқытудан кейбір мәселелері. - Новосі. Білім, 1992. - Б. 237.

1.15. Бакылау диктанты

Бакылау диктанты окушылардын грамматика тақырыптарына кандай дәрежеде меңгергенін және оны іс жүзінде қалай пайдалана білетінін анықтау үшін қолданылады. Бакылау диктантын жүргізу үшін мұғалім күні бұрын, өткен тақырыпты бекіту мақсатында, түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізеді, үйге тапсырма беріп, кем дегенде бір апта бұрын окушыларға ескертіп, қайталауға тиісті ережелерді де көрсетіп береді. Мұндай дайындық жұмыстары бакылау диктантының сапалы өтуіне әсер етеді, жақсы нәтижеге жеткізеді.

Бакылау диктантына, мүмкіндігінше, тұтас текст алған жөн. Егер терме текст араласып келсе, ол тақырып мақсатына барынша жақын келуі керек. Бұл диктант айына бір не әрбір үлкен тақырып, тараудан кейін немесе тоқсанның соңында өткізіледі. Бакылау диктанттары окушылардың бұрын өтіпген материалдарды қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейін анықтау мақсатымен жүргізіледі. Диктант үшін II сыныпта 18-20 сөзден, III сыныпта 20-30 сөзден құралған қысқа сюжетті мәтін алынады да, көлемі жөнінен де, мазмұны тұрғысынан да біртіндеп күрделеніп отырады. Бакылау диктанты төмендегіше жүргізіледі:

- а) Үзініс кезін пайдаланып, мұғалім диктант тақырыбын, мәтін ішінде кездесетін қиын сөздерді тақтаға жазып қояды;
- ә) мұғалім диктант мәтінін екі рет дауыстап оқып, жазылуы қиын сөздерді тақтадан қарап алу керектігін ескертеді;
- б) егер диктант мәтіні жеке сөздер мен сөз тіркестерінен немесе оған негізделген сөйлемдерден құралған болса, мұндай мәтіндердің әрбір сөзін, сөйлемін мұғалім үш рет оқиды. Окушылар жазар алдында әрбір сөзді көңіл қоя тыңдап, ұғып алғаннан кейін ғана жазуды ұсынады. Мұғалім окушылардың түгелдей жазуын қадағалап, ең баяу жазатын окушы жазып бітісімен, келесі сөйлемді оқиды. Бірақ ол жана сөйлем екені айтылмайды.

Окушылар диктантты түгел жазып болғаннан кейін, мұғалім мәтінді бастан-аяқ тағы бір рет оқуға кіріседі. Осы кезде окушылар өз жазғандарын мұғалімге ілесе отырып тексеріп, қатесі болса, түзетеді. Бакылау диктантында әрбір окушы

бұрынғы диктанттарда жіберген қателерін еске түсіріп, оларға байланысты ережелерді қайталап келуге әдеттенуін қадағалап отыру керек.

Бакылау диктанты әр сыныпта жылына 5 рет алынады. Тоқсан сайын I реттен және оқу жылының қорытындысы бойынша I рет. Диктантқа арнайы дәптер арналады. Мұғалім бакылау диктантын оқығанда бір орында тұрып оқуы керек. **Ескерту:** Диктанттардың қай түрін жазғанда да окушылар көркем жазу мен грамматикалық талдауға жаттыққандық, төселгендік көрсетуі керек. Бұл – шәкірттер білімін бағалауды біріңші шарт. Сондықтан көркем жазу – сабақтың көркі де, грамматикалық талдау – сабақты барлық жағынан жандандыратын күш.

1.16. Үйрету диктанттарының маңызы.

Үйрету диктанттарының аты, мазмұны, көлемі әр түрлі болғанымен, олардың алдына қойған мақсаттары бірдей: таныту, үйрету, жаттықтыру, дағдыландыру, меңгерту. Сондықтан үйрету диктанттарында қолданылатын әдіс-тәсілдер көбіне ыңғайлас, ұқсас болады. Үйрету диктанттары негізінен жана ғана өтілетін немесе екі-үш күн бұрын өткен материалдарға тән ерекшеліктерді жете меңгертуге ыңғайлы әрі тиімді болып келеді. Мұнда мұғалім қай окушыға қандай сұрақтар қоятынын алдын-ала ойланып, әдіс-тәсілдер мен көрнектіліктерді соған орай пайдаланғанда ғана еңбек нәтижелі болмақ, яғни сыныптағы окушылардың білім олжылықтарын дәл танып жұмыс жүргізу мұғалімнің ізденіштігі мен байқампаздығын көрсетеді.

Үйрету диктанттарының тағы бір ерекшелігі – окушыларды ойлануға, ізденуге, өз ойларын салыстыру әдісі бойынша дәлелден айта білуге және өз беттерімен жұмыс істей білуге төселдіреді. Бұл окушыларды құлшындырып, өз ісіне деген сенімділігін арттырады. Қысқасы, үйрету диктанттары окушыларды сауатты жазуға ғана баулып қоймайды, алған білімін сыннан өткізіп, тұрақтандыруға, мәнгерлеп оқу машығын қалыптастыруға көп септігін тиігізеді.

1.17. Диктантты жаздыруу техникасы өзгөчө куралдары

Бір орында тұрып, диктант мәтіні менерлі, ашық дауыспен бір рет оқылады. Оқу кезінде оқушылардың басқа жаққа көңіл аудармай ұқыпты тыңдап отыруы ескертіледі. Содан соң мәтінде кездескен түсініксіз, аз қолданылатын және таныс емес емлеслер тақтаға жазып қойылады, түсіндіріледі. Бұдан кейін әрбір сөйлем жеке-жеке оқылады. **Бестен сегіз сөзге дейін құралған сөйлем бір рет, он екіден он төрт сөзге дейінгі сөйлем екі рет, он бестен он сегіз сөзге дейінгі сөйлем үш рет** оқылады. Оқушылар сөйлемді ұмытып қалмауы үшін, қайталап айтқызылады. Сөйлем аяқталарда «**тыңдаңдар**», басталарда «**жазыңдар**», сөйлем біткеннен кейін «**тексеріп шығыңдар**» деп ескертіп отырған жөн.

Диктант жазылып болғаннан кейін, оның мәтіні бастан-аяқ бір рет оқылады. Бұл кезде оқушылардың өздігінен жұмыс істеуіне мүмкіншілік туады. Өтілген емлесік тақырыптарды тексере отырып, қалып қойған сөзді, түсіп қалған орфограммаларды орын-орнына қойып шығалды. Осыдан кейін диктант жұмысы жинап алынады, одан соң оқушылардың диктантқа байланысты сұрақтарына жауап беріледі.

Диктанттағы кателерді талдау жүйесі былай жүргізіледі: алдымен, дауыссыз әріптер мен әріптер тіркесінін емлесіне байланысты алынған бақылау диктантындағы кателер тақырып бойынша тұр-түрле бөлінеді. Оны талдағаннан кейін жіберілген кателерге байланысты кішігірім диктант жаздырылады, оның көлемі отыз-қырық шақты сөзден құралады. Сөйтіп, алғашқы жіберілген кателерді болдырмауға шаралар белгіленеді.

Сырттан қарағанда диктант жүргізуден оңай нәрсе жоқ сияқты. Оқисын да жаздырасың, онда тұрған не бар. Диктантқа «өңей бала» тұртысынан қарау кейбір мектеп тексеруші инспекторлар тарапынан да байқалады. Сабаққа кіргелі отырған тексерушіге мұғалім:

- Менде қазір диктант еді, - десе-ақ, тексеруші:

- Е, онда несіне барамыз, өзіңіз өткізе беріңіз», - дейді өзінің «Диктантты қалай жүргізуге болады» атты мақаласында Қ.Өтебасов осындай мысал келтіреді.

Бұл арада әңгіме бақылау диктанттары туралы емес. Диктант жөнінде теріс пікір қалыптасқан ба, кейбір мұғалімдер де диктантқа «толыққанды» сабақ ретінде қарамайды. Сондықтан болар, оны өткізудің әдістемесін жетілдіру жағына қазіргі қазак тілінде көңіл бөліп жүргендер сирек кездеседі.

Диктант та сабақ. Өзіндік ерекшелігі бар сабақ. Өзінің өткізілу тәсілі жағынан да, дидактикалық мақсаты жағынан да өзгеше сабақ.

Белгілі әдістемеші ғалымдардың сабақты дидактикалық мақсатына қарай бірнеше түрге бөліп жүргені белгілі. Ал, диктант жазбаша бақылау – тексеру сабағына жатады. Сонымен бірге диктантты өзінің алдына қоятын мақсат, мазмұны жағынан қайталау, жинақтау немесе білім сапасын анықтау сабағы деп те атауға болады.

Диктант сабағына жотарыда айтқандай, кіруден жұрт неге қашқалақтайды? Ойланатын болсақ, оның себебі: «Диктантқа кіргенде не айтасың?.. Талдайтын не бар онда? Оқыды, жаздырды, сонымен бітті. Дайын мәтінді кім оқып, жаздыра алмайды» деп, үзілді-кесілді тұжырым жасайды. Тіпті де олай емес. Диктант өткізудің де өзіндік ерекшелігі, жолы, тәсілі бар. Оны кейінірек айтамыз. Сөзді ең алдымен диктант мәтініне қойылатын талаптан бастаған жөн ғой деп отырмыз.

Диктант мәтініне ең алдымен танымдылық, төрбиелік талап қойылатыны белгілі. Мәтінінің төрбиелік мәні танымдық, білімдік мәнінен бөлек алып қаралмайды, тұтас бірлікте қаралады. Мұның үстіне мәтінінің оқушыларға бұрыннан таныс болуы талап етіледі. Мұнда әңгіме мәтін туралы немесе оның тақырыбы, мазмұны туралы емес, әңгіме мәтінінің құрамына енген жеке сөздердің, берілген орфограммалар мен пунктограммалардың оқушыларға бұрыннан таныстығы туралы.

Ең алдымен, мәтінде берілетін грамматикалық тапсырмалар – оқушылардың бұған дейін өткен және әбден игерген орфограммалары мен пунктограммаларынан алынуда тиіс. Екіншіден, оның көлемі (саны), мазмұны бағдарламалық талап деңгейінде болуы шарт. Тексте, сонымен бірге, жақында ғана өткен грамматикалық категорияларға байланысты тапсырмалар беруге болмайды. Өйткені оны оқушылар әлі толық игеріп, үйреніп болған жоқ. Ал күнделікті жаттығу болса, оның жөні бір

басқа... Алда-жалда тапсырма беріле қалса, одан жіберілген қателерді есептеуге болмайды. Міне, диктант мәтініне осындай талаптар қойылады. Бұл талаптардың тұтастай бір мәтіннен (бір жерден) табыла қоюы қиын мәселе. Ол үшін мұғалімге біраз ізденіп, қарастыруға тура келеді. Ал, диктанттар жинағындағы мәтіндерден мұның бәрі үнемі табыла бермейді.

Қысқасы, сабаққа кірген кісі осылың бәрін ескеруі, білуі керек. Оның сабақ туралы мұғаліммен тиімді әңгіме жүргізу, қажет болса, әдістемелік көмек көрсету қиын болады.

1.18. Диктантты жаздыруға қойылатын талаптар

Мұғалімнің тексті үйде алдын-ала тағы бір қарап шығуы, әсіресе, сабақ жоқпарын жасау кезінде аса қажет деп есептеледі. Сабақ жоқпары дөмекші, диктантка жоқпар жасамайтын мұғалімдер де кездеседі. Жасағандары болса, диктанттың атын, өтетін күнін, айын, сыныпты жазумен ғана шектеледі. Ең алдымен, мәтінді оқу кезеңінде көлденең сөз, сұрақ болмауға тиіс. Жазу кезінде бірігіп – жарым қалып қойған оқушы болса, ол мұғалімнің ісі. Ал кейде, оқушылар тарапынан бір қажетті сұрақ бола қалса, жаздырып жатқан кезекті сөйлемді оқушылар түгел жазып біткеннен кейін қойылу керек. Диктант мәтінін жаздыру үстінде, диктант мәтінінен сыртқары кездесуі ықтимал көлденең сөздердің көлемі, мазмұны, шамасы оқушыларға алдын ала белгілі болуға тиіс. Мәтінді жаздыру үстінде мұғалім тарапынан оқушыларға айтылатын ескертпе түріндегі сөздерді жиі пайдалануға болмайды. Ерекше бір күрделі, қиын сөйлемдерді жаздыру ретінде ғана емес, бар ынтта, зейіні диктант мәтінін жазуда болып отырғанда, қапелімде мәтін арасына көлденең сөздің кіруі оқушыларды аз да болса, алаңдатады, зейінін бөледі. Екіншіден, өзі жазып үлгіре алмай отырған кейбір бағалар жанаяндай сөздерді (көлденең) ажырата алмай, мәтінмен бірге жазып қояды. Мәтінді оқуда басты талап – тілдің орфографиялық заңдылығын сақтау болып табылады.

Мәтін оқылып болғаннан кейін, оқушылардың өздерін қатыстыра отырып, жазылуы қиын сөздерді, бейтаныс сөздерді анықтау керек. Егер мәтінде ондай сөздер кездессе, тақтаға жазып беруге болады. Әдісте ондай сөздерді көптеген ұстаздар о

баста-ақ тақтаға жазып қояды. Егер сөйлем шұбапанқы болмай, қысқа, тұжырымды, жай сөйлем түрінде болып келсе, оны екі рет оқу жеткілікті. Ал сөйлем күрделі, құрмалас сөйлем түрінде келсе, оны «сөз үзбелеріне» бөліп оқуға тура келеді.

Қайсыбір мұғалімдер сөйлемді бір оқиды да, одан кейін оны бір – екі бағала қайталайды. Осыдан кейін барып жазуға рұқсат етеді. Оқушылар үн-түнсіз жаза бастайды, бірақ кімнің қалай жазып жатқанын білу қиын. Есте сақтау қабілеті дамымаған, әсіресе, мінез жағынан ұшқалақ бағалардың дұрыс жазып шығуы екіталай.

1.19. Диктантты бағалау нормалары

Мұғалім V-IX сынып оқушыларының жазба жұмыстарын бағалағанда, мынадай бағалау өлшемдерін басшылыққа алғаны жөн. Диктанттағы орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық қателер жеке есептеледі. Сондықтан баға жалпы қойылады.

«5» деген баға катесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл бір қателе немесе тыныс белгісінен жеңіл бір қатесі болса қойылады.

«4» деген баға үш тыныс белгіден, үш емледен, немесе екі тыныс белгіден, екі емледен болса қойылады.

«3» деген баға алты тыныс белгіден, алты емледен, немесе сегіз тыныс белгіден, үш емледен болса қойылады.

«2» деген баға бес тыныс белгіден, тоғыз емледен, немесе тоғыз тыныс белгіден, сегіз емледен болса қойылады.

Сондай-ақ диктанттармен қосымша өткізілетін бақылау тапсырмаларына екі баға қойылады, бірі – диктантка, екіншісі грамматикалық тапсырмаларға қойылады. Фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, орфографиялық, орфоэпиялық және пунктуациялық қосымша тапсырмаларды бағалауға мынадай өлшемдер басшылыққа алынуы қажет:

«5» деген бағасы толық дұрыс орындалған тапсырмаға қойылады.

«4» деген бағасы тапсырманың 75%-ті орындалса,

«3» деген бағасы тапсырманың 50%-ті орындалса,

«2» деген бағасы тапсырманың 50%-ке жетпесе қойылады.

Диктант жазғанда кейбір оқушылар ілесіп жаза алмай, қайталап сұрай береді, уақытты алады. Сондықтан ондай оқушыларға 7-8 сөйлемнен құрапған шатын диктанттар тиімді болып саналады.

«Есте сақтау» диктанттарда мұғалім сөйлемді бір-ақ рет (ұзақ сөйлем болса екі рет) оқиды. Дәреу оқи сала «жазыңдар» дейді. Ондағы мақсаты – оқушыларды сақтыққа, естігенді есте сақтауға, айтқанды ұғып тыңдауға және жылдамдыққа баулу. Егер сынып жаза алмаса, есіне сақтап қалған оқушыға қайталаптырады. Сөйтіп, үйренеді.

Диктант тексерудің де түрлі жолдары бар. Сыныпта жазу сауаттылығына қарай топтайды.

1. «Сенімділер тобы» үнемі «4» пен «5»-ке жазатындар.
 2. «Әрқалай» «4», кейде «3»-ке жазатындар.
 3. «Қателер».
 4. «Шимайлар» тобы. Шимайлап, түзеп, бұзып, былғалап жазатындар кіреді.
- Әр топтың аты-жөндері, жіберетін қателері жазылатын арнайы дәптер жүргізеді. Мынадай сызба пайда болады:

Н, н	И, и	Ы, і	Ұ, у	Қос дауыссыз	Тасы мал	Тыныс белгісі	Жазуы нашар

Тұстарына оқушының аты-жөні жазылады. Диктантты жазу үстінде оқушы қателерін мұғалім ескертіп отырады.

Мектеп оқушыларының білімін бағалау үшін оқу жылдың басы мен соңында және әрбір тоқсанда өткізілетін диктанттардың сөз саны шамамен мынадай нормаларда белгіленуі тиіс:

- IV сынып үшін – 80-100 сөз.
- V сынып үшін -100-110 сөз.
- VI сынып үшін – 110-120 сөз.
- VII сынып үшін – 120-140 сөз.
- VIII сынып үшін – 140-160 сөз.
- IX сынып үшін – 170-180 сөз.

Осы диктант мәтінде әрбір өтілген ережеге байланысты кем дегенде екі-үш орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері болуға тиіс. Сондықтан бір диктант құрамында ұшырасатын орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері төмендегідей нормалардан аспауға тиіс:

- IV сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 12, тыныс белгісі 2-3-тен аспау керек.
 - V сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 12, тыныс белгісі 3-4-тен аспау керек.
 - VI сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 20, тыныс белгісі 4-5-тен аспау керек.
 - VII сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 24, тыныс белгісі 5-7-тен аспау керек.
 - VIII сынып үшін әр түрлі орфограмма саны 25, тыныс белгісі 7-10-нан аспау керек.
- Қазак тілі бойынша жазба жұмысына бөлінетін саяттар бағдарламалық тақырыптардан да, тіл дамыудан да, қайталанудан да алынады. Оқу жылы басында өткенді қайталау есебімен сынып оқушыларының сауаттылық дәрежесін анықтау үшін бір сағат және әр тоқсан соңында бір сағат бақылау жұмыстары алынады. Ал бұдан басқа уақыттағы алған жазба жұмыстар үйрету мақсатын көздейді. Жазба жұмыстарын талдауға арнайы саяттар бөлінеді. Әр сыныптағы жазба, жаттығу, үйрету және бақылау жұмыстарының саны төмендегі мөлшерде белгіленеді:
- IV сынып – сегіз диктант, төрт мазмұндама, екі сынып және екі үй шығармалары.
 - V сынып – сегіз диктант, төрт мазмұндама, үш сынып және бір үй шығармалары.
 - VI сынып – алты диктант, үш мазмұндама, екі сынып және екі үй шығармалары.
 - VII сынып – бес диктант, екі мазмұндама, екі сынып және үш үй шығармалары.
 - VIII сынып – бес диктант, үш сынып және үш үй шығармалары.
 - IX сынып – төрт диктант, төрт сынып және үш үй шығармалары.

1.20. Диктант және тіл ұстарту

Кейбір ғалымдарымыз диктант жаздыруды тіл ұстарту жұмыстарымен ұштастырып жүр. Тіл ұстарту жұмыстарымен диктант жаздыруды қалай байланыстыруға болады? Тіл сабағында бұл екеуінің де өзіндік орны, ерекшелігі бар екендігі белгілі.

Диктант жаздырғанда біз белгілі бір тақырыпты алдымыз, ол «Диктанттар жинағынан» алынады. Сөз санының шектеліп берілуге байланысты мәтін түсініксіздеу болуы да мүмкін, әйтсе де, баға белгілі бір нәрседен қысқаша мағлұмат алады. Қазақ тіліндегі грамматикалық ереже, морфология, лексика, фонетика бөлімдерінің де өз талаптары бар. Жалпы қазақ тілі курсы бойынша жазылатын диктант жұмыстарының мұғалім алдына қоятын өз шарты бар. Одан ауытқыматан жөн деп жүрміз.

Диктант жаздыру оқушылардың сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың білім дәрежесін сынау екені де белгілі. Дегенмен де, біз бір жақты жұмыс істеп жүрміз бе деген ой да туындайды. Диктант жазғызу жұмысын біз неге тіл ұстарту жұмысымен байланыстырмаймыз? Мысалы, Абай өмірінен мәлімет бере отырып, органды сыныптарда Абайдың табиғат лирикасын өттік дейік, Абай шығармашылығын өткенде оның әлеуметтік жағдайы, халқына деген ыстық ықпалымен қоса анасы Ұлжан, әкесі Құнанбай, әжесі Зере және бауырлар мен балалары туралы да айтпа кетсек артық болмайды. Ал, қазақ тілі мен тіл ұстарту сабақтарында осы ойды жаптастыра отырып, бірнеше тақырыпта диктанттар жаздыртса, жүйелі жұмыс, байланыс бола ма деп ойлаймыз. Мұғалім диктант жаздырғаннан кейін осы әңгімелермен оқушыларды кен көлемде таныстырса дұрыс болар еді.

Әр сыныпта тіл ұстартуға берілген сағат саны жетерлік. Тіл ұстарту сабақтарында не істейміз деп жүрген мұғалімдер де жоқ емес. Міне, тыңдағанда құлағыныңыз құрышын кандырғатын, ал баға үшін оқуға жеңіл болып қана қоймай, халықмыздың өткен тарихының нағыз шыңдалғанын айтатын, ой тастайтын әңгімелерді оқуға жетелеу жолы осы емес пе? Әңгімені тіл ұстарту сабақтарында оқыту, оның идеясын ашу, мазмұнын ашу – еліміздің өткен тарихындағы «тар жол, тайғақ кешуін» ұтғындыру,

әңгіменің мазмұнын айтқыза отырып тілдік қорын табу болып табылады. Баланың ойын селт еткізер нәрсемен оның санасын халқының ұлылығы туралы ұтымды сипіру, санасын ұштау, ұлттыңа деген сүйіспеншілік сезімін ояту деген сөз бұл. Тіл ұстарту мен диктант жаздыру сабақтарының байланысы, бір жүйелілігі қазіргі уақытта «ақты – ақ, қараны – қара» деп жазып жүрген ақын-жазушыларымыздың шығармашылығына терең бойлай алуына бастайтыны сөзсіз.

Қазақ әдебиетінен көркем туындыларды өткен кезде осы жұмыстардың әсері мол екені анық. Міне, пәндердің өзара байланысы, үндестігі, тіл ұстарту жұмыстарының жүйелілігі де осында. Диктант жаздыруды осылайша тіл дамыту жұмыстарымен ұштастырған орынды. Әңгімені оқуды диктант жаздырумен сабақтастырудың тиімді жолдарының бірі – осы.

Барлық сыныптарда, барлық кезеңдерде диктант жаздыруда осы бір ізден ауытқымаған жөн деген пікір бар. Әрине, әр мұғалім тіл дамыту жұмысын өз білім дәрежесіне, іздемпаздығына қарай бағдарламаға сүйене отырып жүргізеді. Бірақ тіл дамыту мен диктант сабақтарын байланыстыру өз нәтижесін берері анық. Мысалы: Ана туралы диктант жазылған соң оқушыларға өз бетімен орындауға мынадай жұмыстар тапсыруға болады:

- ана туралы әңгімелерді оқу;
- өлеңдер жаттау, мақал-мәтел, нақыл сөздер жинау, оны оқу;
- ана туралы айтылған ұлы адамдардың сөздерін дәптерлеріне жаздыру;
- тіл ұстарту сабақтарында осы тақырыпқа әңгіме құру;
- қысқа шығарма жазғызу.

Қазақ балаларының ауызекі сөйлеуі жаттық емес, қанағаттандырмайды. Оқушының әдеби тілмен айшықтал, мақалдап сөйлеуі, тенеулер келтіріп, өз ойын анық, өз дәрежесінде жеткізуді жоқтың қасы. Баланың тілдік қоры нашар дамыған. Ойы мен сөзінің арасында ашыақтық басым. Сөзінің іркілушілігі, тоқыраушылығы, мүжістенушілігі, біріншіден, логикалық ұлттық ұстанымының қалыптаспауынан болса, екіншіден, тіл қорының қордаланбауынан деп білу қажет. Оқушыға суырғылып сөйлеу тұрмақ, қара дүрсін әңгімелеудің өзі

бір алынбас камалай. Көңілдідегі небір жақсы ойды айтуға келгенде берекесі қашып, сәні болмай, еңсесі түсіп, білгенін айта алмай қазақ баласына тән қасиет болып барады. Оның ұлттық психологиялық астарларын да, қазіргі замана тауқыметімен біртұтас қарастырған жөн. Сондықтан да, баланың тілдік қорын дамытуда жан-жақты еңбектену қажет.

Тіл дамыту мәселесіне байланысты жүргізілетін жазба жұмыстарына екі баға қойылды. Бірі-мазмұнына, стиліне, сөздерді дұрыс қолдана білуіне, екіншісі орфографиялық және пунктуациялық сауаттылыққа қойылуға тиіс. Бұл екі баға да қазақ тіліне қатысты, сондықтан журналдың қазақ тілі бетіне қойылады.

Егер тіл ұстартуда ұсынылған жазба жұмысы әдебиет бағдарламасындағы материалмен байланыстырылып жүргізілген жағдайда, мазмұн, стиліне қойылған баға журналдың әдебиет бетіне қойылу керек, сауаттылық бағасы тілге қойылды.

Қорыға айтқанда, диктант өз алдына басы бірікпейтін нәрсе сияқты көрінеді. Бір жүйеге түсірсек, оқыту да, тіл дамыту да, әдебиет пен қазақ тіліне деген құрмет пен қызығушылық та арта түспесе кемімейді. Ұрпақ тілі – біздің болашағымыз екенін ұмытпайық.

3. Диктанттардың сөз саны

1959 жылғы жинақта 5-8-класстардағы диктанттардың сөз саны және бағалау нормалары көрсетілген еді.

Өзбекстан Республикасы оқу министрлігі коллегиясының 2011 жылғы (Жалпы білім беретін қазақ мектептері оқушыларының білімі мен шеберлігін, дағдыларын бағалау туралы) шешімінде V-XI сыныптарда бақылау диктанттарын бағалау нормалары бекітілді. Онда: оқушылардың сауаттылығын есепке алып, білімін бағалау үшін оқу жылғының басы мен соңында және әрбір тоқсанда жүргізілетін бақылау диктанттарының сөз саны мынадай нормада белгіленеді: V сыныпта - 90-100 - VI сыныпта - 100-110 - VII сыныпта - 110-120 - VIII сыныпта - 120-140 - IX сыныпта - 140-160 - X сыныпта - 170-180 - XI сыныпта - 180-200 сөз беріледі.

Оқу жылының басындағы бірінші бақылау диктанты өткен жылғы талаптардың дәрежесінде болып, екінші тоқсанның соңында ғана диктант көлемі жоғарыда көрсетілген нормалар мөлшеріне жеткізіледі.

4. Диктант мәтінін таңдау

Диктанттың қиындық дәрежесі мәтінінің мазмұнына, тіліне, стиліне және сондағы орфограммаларға байланысты болады. Мәтінді таңдағанда, мынадай қағидаларға сүйену керек:

1. Диктант мәтіні мазмұны жағынан оқушыларға түсінікті, тәрбиелік мәні бар және әдеби тілдің талаптарына сай болу керек.

2. Екінші бақылау диктанты әр түрлі жанрдағы шығармалардан байланысып келген үзінділер болуы қажет. Егер белгіленген мәтін үзіндісінде сөз саны нормадан аз болса, онда мәтінге нормаға сәйкестендіріп бірнеше қосымша сөйлемдер қосуға болады.

3. Диктант мәтінінің құрамындағы сөздердің бәрі оқушыларға түсінікті болуы керек. Егер түсініксіз және өте сирек қолданылатын емлесі қиын сөздер ұшырасып қалса, ондай сөздер түсіндіріліп, тақтаға жазылады.

4. Диктант мәтінінің емле қиындығы орташа дәрежеде болады. Мәтін құрамындағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлем құрылыстары өтілген бағдарлама материалына сай сұрыпталады.

5. Диктант мәтінінде әрбір өтілген ережеге байланысты кем дегенде 2-3 орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері болуға тиіс. Бір диктант құрамында ұшырасатын орфографиялық және тыныс белгілерінің объектілері мынадай нормадан аспауы тиіс:

V сынып үшін - әр түрлі орфограмма саны - 12 және тыныс белгісі - 2-3 - VI сынып үшін әр түрлі орфограмма саны - 16 - тыныс белгісі - 3-4 - VII сынып үшін әр түрлі орфограмма саны - 20 - тыныс белгісі - 4-5 - VIII сынып үшін әр түрлі орфограмма саны - 24 - тыныс белгісі - 10 - IX сынып үшін әр түрлі орфограмма саны - 24, тыныс белгісі саны - 15-тен аспауы керек.

6. IV сынып үшін бастауыш мектепте, оқу жылының бірінші тоқсанында отілетін материалды қайталағанда, оқушылардың

үйренген дағдыларын тексеруге мүмкіндік беретіндей және синтаксистік жағынан күрделі емес текст ұсынылады.

V-VI сыныптарда осы сыныптардың бағдарламаларына сай келетін сөйлемдер құрылысы ескеріліп, бірыңғай мүшелер, оқшау сөздері бар текстер алынады.

VII сыныпта құрмалас сөйлем және төл сөздері бар текст беріледі.

VIII сыныпта V-VII сыныптарда өтіпген бағдарлама материалды қайталанатын, құрамында грамматикалық объектілері мол күрделі жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің әр түрлері бар текст алынуда тиіс.

7. Тексті оқып тұрған мұғалімнің айтуы әдеби дұрыс, оқушылардың аузына сөз салмайтындай, қай сөздің қалай жазылатынын аңартаптайтындай құрылады. Егер де байланысшы келген текст оқылса, онда мұғалім оны әуелі мәнерлеп оқып шығады, содан кейін жеке сөйлемдерді оқиды (қажетті жерде дауыс үзлісін жасап, дауыс ырғағын келтіріп оқиды). Егер сөйлем ұзақ болса, онда мұғалім оны 3-5 онан да көп сөздері байланысымен бөліп оқиды.

Соңғы сөйлем оқылып болған соң, диктанттың тексті тұтастай оқылады. Оқушылар жазғанын мұқияттып тексеру үшін және кателерін түзету үшін қайтадан оқылғанда, диктанттың тексі бағу оқылады. Содан соң барлық оқушыларын жұмыстарын мұғалімге тапсырады. Мұғалімнің рұқсаты бойынша оқушылар бірнеше минут ішінде диктантты қосымша тексеруі мүмкін немесе қосымша тексерусіз диктанттың мұғалімге тапсырылуы талап етіледі. IV-VIII сынып оқушыларының диктанттарын бағалағанда, мұғалім мыналарды басшылыққа алады:

5. Диктанттағы орфографиялық және тыныс белгілік кателер жеке есептеледі. Баға жалпы қойылады.

(5) деген баға қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қателе немесе тыныс белгісінен жеңіл 1 қатесі бар диктанттарға қойылады.

(4) деген баға емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі бар немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 қатесі бар, немес емледен 1, тыныс белгісінен 4 қатесі бар диктанттарға қойылады.

(3) деген баға емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі бар, немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қатесі бар немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі бар диктанттарға қойылады.

(2) деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі бар немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі бар диктанттарға қойылады.

(1) деген баға қате саны (2) деген бағада көрсетілген мөлшерден асып кеткен диктантқа қойылады.

Диктантпен қосымша жүргізілген бақылау тапсырмаларына екі баға қойылады, бірі-диктантқа, екіншісі грамматикалық тапсырмаларға қойылады. Грамматикалық, лексикалық, орфографиялық қосымша тапсырмаларды бағалауда мынадай жайттар басшылыққа алынады.

(5) деген баға түгелдей толық, дұрыс орындалған жұмысқа қойылады.

(4) деген баға тапсырманың кем дегенде 3/4 бөлігі дұрыс орындалған жұмысқа қойылады.

(3) деген баға тапсырманың кем дегенде 1/2 бөлігі дұрыс орындалған жұмысқа қойылады.

(2) деген баға тапсырманың жартысынан азы дұрыс орындалған жұмысқа қойылады.

(1) деген баға орындалмаған немесе түгелдей дұрыс орындалмаған жұмысқа қойылады.

Ескерту. V-IX сынып оқушыларының сауаттылығына қойылатын талаптарды арттыру ісі әрбір сыныптың дәрежесіне сәйкес келетіндей етіп, диктант текстінің сөз санын өсіріп отыру және олардың орфографиясы және синтаксистік күрделендіре түсу арқылы болады.

Диктант жазуға дейін оқытылған орфографиялық және тыныс белгілік ережелерді оқушының бұзуы қателе есептеледі. Бұл ережелер өткен оқу жылдарында өтілсе де, олардан жіберілген кателер есепке алынады. Егерде оқулықтағы жағтығуларға байланысты үйретілген сөздерден қате жіберілсе, олар да есептеледі. Мысалы, екі дауыссыздардың қатар келіп жазылуы: *амтар, құтты* т.б.

Сонымен, V сыныпта бірінші тоқсанда оқытылған тақырыптар бойынша жіберілген кателер ғана есепке алына қоймай, бастауыш мектеп бағдарламасы көлемінде өтілген,

грамматиканың барлық тараулары бойынша жіберілген қателер де саналады, сондай-ақ бағдарлама бойынша үйретілген тыныс белгілерінен қате жіберілсе, олар да есепке алынады.

Мынадай қателер есепке алынбайды:

1. Бағдарламада көрсетілмеген ережелерден жіберілген қателер, осы сыныпта орфография мен тыныс белгісінің оқытылмаған ережелеріне байланысты жіберілген қателер есепке кірмейді.

2. Бастауыш мектептерде және осы сыныпқа арналған оқулықтың жаттығуларында кездеспеген сөздерден жіберілген қателер есепке алынбайды.

3. Байқаусызда жансак жазылған сөздердегі қате есептелмейді: *кемейді-кемейді, болыпты-болпты* т.б.

Алайда қателерді жанылып жазылғандай беруге болмайды. Оқушының жанылып жазылғандай беруге болмайды. Оқушының жаңылып жазған сөзін оның дұрыс жаза алатынына көз жеткенде ғана қатеге есептемеу керек. Егерде жанылып жазылған жағдай үштен асып кетсе, онда оларды емле қатесі деп санайды.

4. Екі түрлі жазылып жүрген сөздердің бір түрі жазылса немесе екі түрлі қойылып жүрген тыныс белгісінің біреуі қойылса, онда диктант тектіндігі жазуға дәл келмей тұр деп, қатеге есептеуге болмайды. Мысалы: *қазір-қазір, өйткені-үйткені* т.б. Егерде диктантта қате жазылған сөз не тыныс белгісі қайталанып келсе, онда олар бір қатеге есептеледі.

Диктантта оқушы жіберген қателер өрескел және жеңіл болуы мүмкін.

Өрескел қателерге мыналар жатады:

1. Орфография мен тыныс белгісінің өтілген ережелерінен жіберілген қателер.

2. Иеріп алу қиында соқпайтын ережелерге байланысты жіберілген қателер. Мысалы: IV сынып оқушысының y мен i-ні бірінің орнына екіншісін жазып қоюы.

3. Сөздерді тасымалдаудан жіберілген қателер.

4. Дефис арқылы жазылатын сөздерден жіберілген қателер. Мысалы: қос сөздер, демеулік шылаулар, қысқартқан сөздерге дефис арқылы жалғанатын қосымшалар.

Жеңіл қателерге мыналар жатады:

1. Диктант өткізген кезде оқытылып білпеген және әлі өтілмеген ережелерге байланысты қателер.

2. Күрдәлі жалқы есімдердің бас әрбін дұрыс қолданбау, сол сияқты әріптерді дұрыс таңбаламау.

3. Үтір, тырнақшаларды дұрыс қолданбау (сөзді, сөз тіркестерінің үтір, тырнақшаларын бір жағына ғана қойып, екінші жағына қоймай кету).

4. Төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан, сыздықшаның алдынан үтірдің орнына нүкте қойып қою.

5. Бір ережеге байланысты жіберілген бірнеше қате (үш және одан да көп қате) болса, онда оқушының бір ғана ережені әлсіз білетінін ескерту қажет. Тыныс белгісінен де бір ғана ережені білмегендіктен, жіберілген қатені жеңіл қатеге жатқызып жөн.


Бұны (нормаларды) басшылыққа ала отырып, мұғалім кейбір жағдайда қателердің сипатына және диктантты орындау сипатына қарай бағаны жоғарлатуға немесе төмендетуге ерікті.

Бақылау, қорыту диктантынан басқа, сөздік, терме диктант түрлері де жүргізіледі. Мұндай диктанттың сөз санының нормалары төмендетіше болмақ: IV сынып үшін -10-15 сөз, V сынып үшін -15-20 сөз, VI сынып үшін -20-25 сөз, VII сынып үшін -25-30 сөз, VIII сынып үшін -30-35 сөз. Сөздік диктанты былайша бағаланады: бір қатесі болса, (3) қойылады, үш қатеге (2) қойылады. Қате саны үштен асып кетсе, (1) қойылады.

Диктанттың жоғарыда айтылған түрінен басқа түрінің сөз санын мұғалім өзі белгілейді.

Мұндай диктанттарға баға қойғанда, мұғалім тексттің көлемін, орфограммалардың жиілігін, олардың ауыр-жеңілдігін, жұмысты орындауға оқушылардың дайындық дәрежесін еске алады. Егер (нормаларда) көрсетілген шамадан көлемі екі есе аз диктант өткізілсе, онда оқытушы (4) деген бағаны екі қате шыққан жұмысқа, (3) деген бағаны төрт қате шыққан жұмысқа қояды.

5-сынылқа арналған мәтіндер (90–100 сөз) Өзбекстан – Отаным мениң!



Отан! Бұл сөздің түбінде қаншама терең мән-мағына бар!

Отан – Адам үшін бата жетпес байлық. Отанды сезіне білу әрбір адамға шексіз күш –құдірет қайрат пен жігер береді. Өйткені Адам баласының ең нәзік те ең қасиетті сезімдері өзі туылып өскен, кәметке жеткен ана топырағы бауырында оянады, кемеліне жетеді.

Отан – сенің туылып, көзің ашқан өлкен. Кіндік қаның тамған топырағың.

Туған – туысқандарыңмен, дос – жарандарыңмен, ана-халқыңмен бірге тұратын өлкен. Ата – бабаларыңның ізі қалған жерің, ұрпақтарың өмір сүрер жұртың.


Отан – сенің тәлім – тәрбие алып жатқан мектебің, ойнап – күліп жүрген қалаң, сүйікті ауылың. (92 сөз)¹.

Отан деген не?

Отанға деген сүйіспеншілік негізінен тұтан жерден басталады. Ұлы Отан нақ сондай жүздеген, мыңдаған шағын отандарды қамтиды.

Мысалы: Ерғали, Қайсар және Абзал есімді үш дос бір сыныпта оқиды. Ерғалидың әкесі Әндіжандық, Қайсардың жанұясы таауда ғана Бостандықтан көшіп келген. Ал Абзалдың ата – бабасы негізінен Ташкенттік. Демек, осы үш сыныптастың

ата – мекендері мемлекетіміздің түрлі қалаларында. Бірақ олардың Отаны біреу - Өзбекстан, сондықтан да олардың арасында ешқандай бөтенсу белгілері жоқ. Олар бір жанұяның мүшелеріндей өзара тату, ынтымақпен өмір сүреді. Біртұтас Отан сезімі оларды бір – біріне жақындатып, бауырластырып тұр. Демек, Отан дегенде ең алдымен туылған жерімізді, кіндік қанымыз тамған топырақты түсінеміз (98 сөз)¹.



Наурыз

Наурыз – шытыс елінің ұлы мерекесі. Наурыз – ұлыстың ұлы күні. Наурыз жыл басы ретінде мерекеленіп келген.

Наурыз сөзі – жана күн деген мағына береді.

Бұл қазіргі күн есебі бойынша наурыздың жиырма бірінші жұлдывына тура келеді.

Ұлыстың ұлы күнінде жұртшылық ауыр жұмыс істемейді. Ұзақ сапарға шықпайды, іс тікпейді. Адамдар бір – бірін ренжітпейді. Дауыс көтеріп сөйлемейді, кір жуылмайды, шарап ішілмейді, құрбандық шалмайды.

Бұл күні бүкіл шытыс халқы маз – мейрам болады. Аңыз әңгімелерге қарағанда бұл күнде Қыдыр ата даланы аралайды. Елге, жұртқа нұр таратады. (101 сөз)².

¹ Сұлтанов Х., Каратаева М. Отан сенің 5-сынып. - Ташкент: Мактабнағар, 2015. - Б. 3

² Сейдалиев К., Нышанова Г. Әрбір: 5-сынып. - Ташкент: Өзбекстан, 2015. - Б. 17.


Кызгашпактар (ертегі)

Бурчынты өткөн заманда бир бай болыпты. Ол сондай бай болган, малдарынын санын да бilmейдi екен, Бирак ешкимге еш нерсе бермейдi, кайта жарлы – жакыбайларды ұрып – соғып жұмыс iстегедi, өзiнде бар тамактарын да жұмысшыларга беруге кызганатын болган.

Сол байдын үш баласы болыпты. Олар да атасындай кызгашпак болып өсiптi.

Күнлердiң күнiнде бай дүниесалды. Малдары да жок болып калыпты. Үш баласы талап iздеп баска жұрттарга кетедi. Жошса олар бир күзе алтын тауып алды. Олар аш болып, азып – тозады. Үлкен екеуi iнiсiн ауылга нан акелуге жұмсайды. Екеуi iнiсiн өлтiрiп, алтынды екiге бөлiп алуға келiседi. Iнiсi алтынды тек өзi алмакшы болады да жолда нанга у салды. Агаларына ұланган нанды берiп, өлтiрмекшi болады. Iнiсi келуден агалары оны сол мезгiлде өлтiредi. Нанды өздерi жейдi де өздерi де уланып өледi, сөйтiп, үшеуi де бир – бирiн өлтiредi. Бир күзе алтын далада қалады. (130 сөз).

Ұлы жiбек жолы



Бирiншi бағыт – Қытайдан Самарқандқа қарай апаратын жол. Самарқанд жолы да екiге бөлiнедi. Бирi Жерорта теңiзiне дейiн, екiншiсi Ресей, Сiбiр, Кавказ, Қарапенiзге дейiн жеткен. Екiншi бағыт Қытайдан басталып, Памир, Тянь-Шань арқалы Ауғаньстанға, одан Үндiстанға апарған.

Ұлы сөзi жолдың өте ұзындығын бiлдiредi. Жiбек сөзi жолдың жiбек саудасына қызмет еткенiн бiлдiрген.

Жiбектен iстелген өнiмдер Еуропа халықтарына өте ұнатқан, өйткенi сол заманда Еуропа жiбектiң не екенiн бilmеген. Бiздiң ата – бабаларымызбен қытайлықтар жiбектен әдеми мата тоқыған. Жiбек мата орамын ақша орнына да қолданған.

Ұлы жiбек жолы өлкемiздiң тарихында өшпес iз қалдырған. Ол дүниес жүзi халықтарына он жетi ғасыр қызмет еткен. (100 сөз)¹.

Екi ана



Адамның екi анасы болады. Бирiншi анасы - өз анаң. Ол сенi ақ сүтiмен асырап бағды. Бесiкте жатқаныңда алдiймен тербетедi. Жуылдырады, тамақтандырады, сенi тазалыққа үйретедi. Анан жылы жүзiмен, сөзiмен аялы алақаныңда өсiредi. Ер жетiп есейгенше, сенi дүниедегi жақсылық атаулыға баулиды, сондықтан да ана дендеде толқыматын жүрек, тебiренбес теңiз болмаса керек.

Ал, адамның екiншi анасы – Отан – анан. Отан – Ана сенi жақсылыққа жетелейдi. Мектепте оқытып бiлiм бередi, енбек етуге үйретедi, тұтан жерiңдi ата – ананды сүюге тәрбиелейдi.

Өмiр атты үлкен жолға сенiммен аттандырады. Сол үшiн де өз анаңдай отан анаңды да жаньқдай жақсы көр. Отанның қадiрiне жете бiл. (98 сөз).

¹ Саудашпов А., Костюковай В. Төрөк. 6-сынып. - Ташкент: Янги Нура, 2015. - Б. 141.

Тұсау кесер



Баға аяғын апыл – тапыл баса бастаған кезде тұсауы кесіледі. Тұсау ретінде жіп, көк шөп, немесе ток ішектің бірі таңдап алынады. Бұл баға үлкен өмірге аяғын нық басып өнсің деген ниеттен тұған.

Тұсау кесу құрметіне елге сыйлы, сабырлы адамдар ие болады.

Тұсау кесуде ала жіп тұтылады. Есілген жіптің бір қабаты ақ, екінші қабаты кара болып келеді. Оның екі қабаты шығарылмастай бір – бірімен өрліп тұруы тиіс. Бұл күн мен түннің тоқтаусыз ауысып тұруының белгісі. Сонымен бірге жалпы өмір, тіршілік бейнесі ретінде көрсетіледі.

Кара түс суықтық, карантылық, каталдық бейнесі, Ақ түс жылылықтың, адалдықтың, жарықтықтың тіршілік рәмізі. (95 сөз)¹.

¹ Құлақ қабілеті пәленсі

Әдептілік



Адам дүнеге келгеннен кейін бір өзі жасай алмайды. Ол арқашан басқалар мен бірге өмір сүреді. Сол үшін де басқалар алдында әдептілікпен қарым – қатынас жасауын керек.


Өзінен жасы үлкенді көргенде, орнынан тұрып, құрмет көрсет. Қарияларды сыйласаң, өзінің де жасың ұзақ болады. Өзіңнен жасы үлкендер алдында көп сөйлемө, олармен әзілдесең.

Көшелерде қарияларды көріп қалсаң, біріншіден сәлем беруді ұмытпа, екіншіден оларға жәрдем беруді ойла. Жолдан өтпекші болса - қолыңнан ұста, сұрақ берсе - дұрыс жауап бере біл. Алдында құрметсіздік көрсетсең, әдепсіз болғаның.

Әр күні күнделікті тіршілікте әр жастағы адамдармен кездесіп тұруың мүмкін. Кім болуына қарамастан барлығына да әдептілікпен қарым – қатынас жасауды үйрен. Әдептілік шеғарасынан шықпауың керек. (100 сөз)¹.

¹ Қобулағалды

Білім



Өмірде өз орныңды таңдай алуыңда білімнің орны ерекше. Халқымызда «Білім - өмір шырағы» дейтін. Білімде ұлы қасиеттер бар. Білім алу арқылы абыройға кенелесің, армандарыңа жетесің, сондықтан да жастайыңнан білім алуға ұмтылып, кітаптар оқуға дағдыланған дұрыс. Білім арқылы жақсы - жаманның, ашы - тұщынның айырмашылығын білесің. Ақ - қараны аңдап жетесің.

Білім - рухани байлық, оны ешкім ұрлай алмайды. Білімді адам ақылды, күшті, сабырлы, мейірімді де болады. Сондықтан да «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» дейді халық даналығында.

Білек күші мен бір адамды жықсаң, білімнің мен мыңдаған адамды айтқанына көндіресің. Сол үшін білім - тіршіліктің арқауы. Білім - басыңдағы бақыт, қолыңдағы байлық. (92 сөз).

Ұстаздар



Әрбір адам өзінің мұғалімін және ұстазын құрметтеуі шарт. Мұғалім білімімен бірге тәрбие береді. Сені адалдыққа, шыншылдыққа баулиды. Мейірімді, қайырымды, білімді болуға жетелейді, өмірден өз орныңды табуға жол сілтейді.

«Ұстаз - атаңдай ұлы» деп бекер айтылмаса керек. Өзіңнің ата - анандай ақылшың, ең жақсының болып қалады.

Бір күн ерiш үйреткенге қырқы күн сәлем бер деген сөз бар. Мұғалім «А ерiптен бастап - білім есігін ашды. Білгендерін үйретіп, сенің ұқыбыңа қуанады, сүйсінеді. Ұстаз сенің рухани жан дүниенді байытады. Сол үшін ұстаздар алдында бас неміз. Мұғалім мен ұстаздарды көргенде сәлем беріп, құрметтей біл. (92 сөз.)

6-сыныпқа арналған мәтіндер (100-110 сөз)

Зат есімге бақылау жұмысы

Адамгершілік



Автобус іші толы адам. Қарсы алдымыздағы орындақта бір жас қыз айнаға қарап сыланып – таранып отырғанын ерсі көріп іштей қысылдым. Айнаға қарап отырған қыздың қасында балдаққа сүйенген бір аяғы кем, омырауында үш ордені, бес – алты медалы бар қарт кісі тұрған – ды. Жанағы сыланған «сұлу бикештің» мүгедек адамға орын беру ойына кіріп те шығар емес. Осы кезде қатар орындақта отырған бір кісі орнынан тұрып ардагер аяға орын берді. Адамгершілік дегеніміз – асыл қасиет. Адамдарды қызметіне, кемеліне, сырт көрінісіне қарап бағалау дұрыс емес. Адамда жан сұлулығы, жүрек жылуы болуы тиіс. Ел басына күн туған қатерлі жылдары жанын шүберекке түйіп, Отанын, туған жерін, болашағын қорғаған абызал жандарды сыйлап, құрметтеу – жастардың борышы. (109 сөз)¹.

Сан есімге бақылау жұмысы

Мырза Ұлықбек



Мырза Ұлықбектің (шын аты Мұхаммед Тарағай) болатын. Ол мың үш жүз тоқсан төртінші жылы Наурыз айының жиырма екінші жұлдызында Иран қаласында өмірге келеді.

Ұлықбек ат жалын қысқаннан бастап – ақ білім алып, өнерді нелеуге аса құштар болатын. Сонымен қатар сан алуан тілдерді білуге қызыға бастады. Бала кезінен араб, парсы тілдердің егжей – тегжейлі үйренуден жалықпады. Немересінің болашағына үлкен сенім артқан бабасы Әмір Темір оны сарайда өткізілетін кенестер мен келіссөздерге қатыстырып отырды.

Ұлықбектің жас кезінен ел көріп жер танып зейіні ерекше болды.

Әмір Темір қайтыс болғаннан соң, Темір ұрпақтарында таққа Талас күшейді. Маураунахр мемлекетін он бес жасар Ұлықбек билейді. Жаңа мемлекеттің астанасы Самарқанд қаласы болады. Мырза Ұлықбек билеген жылдары Самарқанд жан – жақты дамыған қалаға айналды. (115 сөз)

Байлық, бақыт, ақыл

Ерте заманда байлық, бақыт, ақыл үшеуі бас қосады. Олар өзара көптеген әңгімелерді айтқандай. Сөз кезегінде үшеуі адам баласына тигізетін пайдасы жайында таласыл қалады.

Алдымен байлық сөз алып:

- Менің арқамда ғана адам төрт түлігі сай, үйі дүние мүлкіне бай, ішіп – жемі мол болады. Сондықтан маған тең келер ештеңе жоқ, - деп кеудесін қағады.

Сонда, бақыт былай дейді:


- Мен кiмнiң басына консам, соның атак – данқын шығарамын. Мансабын аспанға көтеремiн. Ақ дегенiм – алтыс, кара дегенiм – қарғыс, - дептi.

Ал ақыл былай деген екен:

- Мен сендердiң таластарына қосылмаймын. Достарым, үшеуiмiзде тең туылдық. Бірақ мен сендерден иг жеiденi бұрын тоздырдым. Айтысқандарын көңiлiме қонбайды. Мен ақылмын, сондықтан менменсiнiң сөйлегендерiңдi жақтырмаймын. Адам баласына үшеуiмiз де қажеттiз - дептi ақыл.

Сын есiмге бақылау жұмысы

Шыншылдық



Шыншылдық – адамның өткiр ақыл, зор таза көңiл және март екенiн көрсетiп тұрушы дәлел.

Дүниеде шындықтан да әсерлi, мартбеленi нәрсе болмаса керек. Сондықтан шыншылдықтан асқан қасиеттi табу қиын.

Әй, перзент, өмiрде шышыл бол, оны күнделiктi әдетiне айналдыра бiл. Шыншылдық – әдеттiң белгiсi, адамгершiлiк негiзi болып табылады.

Мазмұнды, мағыналы сөйлеу рас болса, айтушыға да, естушіге де әсерлi болады.


Дұрыс сөйлеп өлу, жалған сөйлеп құтылудан абзал. Шыншылдық – жақсылыққа жетелейдi.

Жақсылық армандарына жеткiзедi. Егер де бiр рет өтiрiк сөйлесен, екiншiде сөзгән сенiмсiздiк пайда болады. Шын сөйлетiн адамдарды басқалар сыйлайды. (108 сөз)¹.

¹ Қабдулмалып

Есiмдiктi қайталауға бақылау жұмысы

Өзбекстан – егемендi ел



Отанымыз Өзбекстан өз алдына Тәуелсiз мемлекет болғандығы үшін өте қуаныштымыз. Себебi бұл күндi ежелден – ақ ата – бабаларымыз армандап келген. Ибн Сина, Абу Райхан Беруни, Ұлықбек, Әлiшер Науаи, Бабыр сияқты ұлы тұлғалар өзбек тiлi, ұлттың мәдениетi және тарихын жасау, байыту оны бүгiл әлемге таныту үшін өз өмiрлерiн арнаған. Біз осындай бақытты күнге сендермен бiрге жетiп келдiк. Тәуелсiз мемлекетiмiз өз мемлекеттiк рәмiздерi – жалауы, елтаңбасы, әнұраны, Конституциясы және өз ақшасына ие болды.

Бұл Тәуелсiз Өзбекстанымыздың болашағы нұрлы болу үшін балалар бiлiмдi, ақылды азамат болып өсулерi керек. Өз елiн, Отанын сүйген әрбiр перзент оның байлығына, сұлулығына көркеюiне өз үлесiн қосу керек. (114 сөз)¹.

Нан – ырысқы несiбемiз




Нан – елiмiздiң ырысқы несiбесi. Отанымыздың мемлекеттiк елтаңбасында бейнеленген бидай масақтары – алатын ұлттық байлығымыз болып есептеледi. Бидайдан алынған нанға

¹ Айгүлшәкәлі

шаруанын көп енбегі сінеді. Бидай жерге егіледі, арам шөптерден тазалап оталады, масағы піскен кезде орхылып алынады. Жиналған дөңді ұн заводында ұсақтайды. Ұннан ар түрлі нандар жабылады. Пәтір нан, күлше нан, қаттама нан, таба нан, тандыр нан тағы басқалар. Қазіргі таңда Самарқанд наны элементі әйгілі «Самарқанд наны» туралы аңыздар бар. Нанды арқашан халқымыз маңдайына тигізіп қастерлеп келген. Нанның ұсағын да жерге түсірмей жеп зая етпеген. Халқымыз «Нан – қасиетті асыл ас, Ағтамас одан кері жас», - деп бекер айтпаған. Ата – бабаларымыз тіршілік арқауы – нан екенін түсінген.

«Нанды еткен қор,
Екі көзі болар көр», - деген даналық сөздер де бар. (108 сөз).

Енбек – ер атандырар



Адам жаны нәзік. Ол нәзік дүнені оятып тебірентер ғажайып сезімдер бар. Ол – туған елі, ата – анасы.

Адам бойындағы абзал қасиеттерді қалыптастырудың басты құралы – енбек. Адамның бақытты, қуанышты енбекте. Бірақ енбек ешұақытта ермекке айнамайды. Біліміне кәсібі, кәсібіне қабылеті, қабылетіне адамгершілігі қосылған болуы керек. Жан – жақты кемелденген адам – адал енбек етіп бақытты болады.

Енбек – адамның мәртебесін асырып, абыройын көтереді. «Енбек – ер атандырар», «Енбек елдікке жеткізер», Елдік ерлікке жеткізер» деген халқымызда даналық макалдар бар емес пе? Енбек – байлықтың қайнар көзі. Сондықтан да ерінбей енбек етуді әдетке айландырған дұрыс. «Енбек еткен ерінбей, Тоғды

қарның тіленбей», - деп Абай ағамыз да енбекті жоғары бағалаған болатын.
Енбек – дәулет пен, бақыт, шаттық, сүйініш пен қуаныш. (104 сөз).

Даналар данасы



Әлішер Науаны бабамыз мың төрт жүз қырық бірінші жылдың тоғызыншы ақпанында Хираз қаласында дүниеге келген. Ол баға кезінен – ақ адамдардың назарын өзіне аударды. Біріншіден, ол өте елесті болған. Көп кітап оқыған. Зейінді болғандықтан ғазелдерді жатқа білген. Кішкентай кезінде жазған өлеңдеріне ұстаздары да тан қалған. Ана тілін жақсы біліп, парсы, араб тілдерін де жақсы игерген.


Ең бірінші өз ана тілінде «Хамса» (бес дастан) жазған. Науан бабамыздың көптеген өлең жолдары халық мақалы мен нақыл сөздеріне айналып кеткен. Мәселен:

«Тілге құрмет, елге құрмет» - деген өзінің сөзін Науан бабамыздың өзі жақсы ұстанған.

Қысқасы, ұлы ұстаздың шығармаларын дариыға ұқсатамыз. Сол үшін Науан бабамыз елге танылып, даналардың данасы болып қалған. (П.Момын) (101 сөз)¹.

¹ Қаспаев Ә., Исаев С., Дәулетбекова Ж., Нұпшолов Г. Қазақ тілі. 6-сынып. - Ташкент: Өзбекистан, 2009. - Б. 196.

Егістікке бақылау жұмысы Ақыл өсиет



Атаң мен анаң саған өмір сыйлайды. Олардың есілі – дерті сен бақытты болса екен деді. Екеуінің де денсаулығын сақта.

Сенің адал өмір сүруің, ата – аналарың үшін бақыт.

Ананның жүрегің сезе біл. Ананың көз жанарынан көңіл хошың көр біл. Жастайыңнан ана көзінен жан дүниесің көре білуді үйренбесең ғұмыр бойы адамгершілік тұрғысынан ақ көз болып өтесің.

Ана мен әке алдында сыншыл бол. Ата – ананың құптауыңыз істеуге болмайтын нәрсеге ұмтылма. Не нәрсе істейтін болсаң да ата – ананың ризалығын ал. Өз үйіңнің бағын жандыра біл.


Ата – ананың көңілдеріне кейістік сала көрме.

«Ата – асқар тау

Ана – бауырыңдағы бұлақ» Бала – жағадағы құрақ – дегендей ата – ана, бала – бір-бірінің бақыты, қуанышы. (108 сөз).

Үстеуді қайталауға бақылау жұмысы

Жол мағынасы



Жолдың мағыналық ауқымы біздің күнделікті тұрмыста жиі қолданылып жүрген ұғымнан алдеқайда кең.

«Атанның ақ жолы», «Есім салған қасқа жол», «Жолы үлкен», «Әйелдің жолы жіңішке», «Жолың болсын!», «Жолдасың Қыдыр болсын» деген сөздер ерте заманғы қалыптасқан ұлттық рухани мұрамыздың алтын тамыры іспетті.

Адамзат тарихындағы ең алғашқы тас кітаптарының авторы, түркі халқының еңбегі тасқа басылған тұңғыш жыр ауы Иолтық Тегінің есімінің өзі «Жолы үлкен» дегенді білдіреді.


Жол – кеше мен бүгіннің, бүгін мен ертеңнің арасын жалғап тұрған бейнелі сөз.

Жол – ұрпақ көшінің үмітті болашағы.

Ендеше, ата – ананың ақ бағасын алып «жолға шық» жас достымы! (92 сөз)¹.

Морфологияны қайталауға бақылау жұмысы

Табиғат – ана тәлімі



Төбесінен талпынып тұскен саби ең алдымен еңбектейді. Кейін қаз – қаз басады. Тұсауы кесілген шақта алғашқы қадамын тұтан жерде басады. Сондықтан да адам баласының өмірдегі әліппесі – табиғатты танудан басталады.

- Көк шөггі жұлма, обал болады – дейді үлкен кісілер. Бұл сөздің мағынасы табиғат – ананың қадір – қасиетін бағала дегенді білдіреді.

Адамның мінез-құлқының қалыптасуына табиғат құбылыстарының әсері көп болған. «Қабағыннан қар жауған» –

¹ «Түркі жолы» глоссарийі.

қаталдық, «дағдай кен» – көңіл, бірде көл, бірде шөл – құбылмалық, еменнің бір бұтағындай – қайсарлық «жаймашуақ» – (байсалдық) биязылық, «баласа» шақ, «түбі көрінген» – мөлдірлік, қаймен күндей – сулулық, «гүлдей» – нәзіктік ж.т.б. тізе берсеқ толып жатыр. Бұл – табиғат анаға байланысы тұтан сөздер. (101 сөз)¹.

7-сыныпқа арналған мәтіндер

(110-120 сөз)

Әмір – Темір




Әмір Темір мың үш жүз отыз алтыншы жылдың тоғызыншы көкек айында Мауараунахр қаласының Шахрисабз (Кеш) Хожа Унғар аулында дүниеге келеді.

Ол Убайдулла Махбубидің ұрпағынан. Ол Таратай, Чағатай хандарына қызмет етеді. Әуелі өз аулында, сон Шахрисабздағы медреседе оқиды. Ол зейінмен оқыған. Бірақ жастық шағы ауыр жағдайда өтеді. Чағатай ұлысы ауыр жағдайға түседі. Оның төмендегі Әміршілігі хан сайлап, бұл елге қайта – қайта ұрыс ашып, басқыншылық жасай бастайды. Мемлекетті мың үш жүз алпысыншы жылдың көктемінде басып алды. Халық көп қиналады. Көпшілік қашып кетеді. Осы кезде Темірбек көп қиындық көрді, алпыс екі күн зынданда жатты. Бүкіл өмір бойы оның азабын тартты. Ол мұғұлдар үстінен жеңіске жетті. Ол он жыл күресіп Түркістан Маворанахр мемлекетін біріктірді. Қытай, Корея, Орта Азия халықтарының сауда сатық жас ауын қайта тіктеді. (120 сөз).

¹ Әйгілі жолға түсетінен.

Бір сүйем жер



Ерте заманда бір елге жау бастырып кірмекші болып, әр түрлі желеу іздей бастайды. Дегенмен, бұл жұрттың патшасы өте данышпан, ақылды бейбіт сүйітш адам екен. Ол дұшпанның ниетін біліп, босқа қан төгілуіне жол бермеу үшін жау әскерінің қолбасшысына жүйрік арғымақ, асыл тұқымды тұшпарын тарту етіпті. Жау әскерлері місе тұтпапты. Олар әне соғыс бастаймыз, міне соғыс бастаймыз дедуден жалықпапты. Ол соғыстың алдын алу үшін жау қолбасшысына өзінің алтын жүзігін тарту етеді. Бірақ жау мұнымен де шектелмейді. Енді ол мемлекет аймағындағы еш нәрсе өнбейтін тастандық жердің бір сүйемін бересің, әйтпесе халқыңды қанға бастырамыз» - дегіті. Сонда патша еңсесін тіктеп әскерлеріне, қане жігіттер кеттік, енді ауауыз шайқасамыз. Өйткені Отанның бір сүйем жерін де жауға беруге болмайды – деп соғысқа аттанған екен. (116 сөз)¹.

Ұлттық құндылықтар



¹ Ел аузынан апақ.

Ұлттық құндылықтар – сан ғасырлардан бері Адам үшін қадірліге айналған, даму процесінде қызмет етіп келе жатқанда әдет – ғұрып, салт – дәстүр, ұтымдар мен принциптер деген сөз.

Мысалы, Наурыз мейрамын алайық. Наурыз мейрамы халқымыз отырықшы тұрмысқа көшкен кезеңдерден бері өмір сүріп келеді. Өйткені бұл мейрам ең алдымен жерге, суға, күнге, табиғатқа, бүкіл тіршілікке мейрім оятады. Жаратылыспен үндесе өмір сүруге шақырады, әлемнің сұлулығынан ләззет алуға үндейді.

Ты - әрбір ұлттың баға жетпес басты құндылығы.

Әлішер Науаны сынды ұлы ойшыл, ғұлама ақынның ізденіс әрекеттері арқасында тіліміздің қалыбы жоғары деңгейге көтерілді.

Ұлттық руханиятымыздың бірі – ислам діні болып табылады.

Тәуелсіздік жылдарында халықымыз бен ұлттымыздың барлық заңды құқықтары қайта тіктелді.

Тіліміз, дініміз, мерекелеріміз, салт – дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыз – барлығы өмірімізге жанадан кіріп келді. (115 сөз)¹.

Күйші карт



Арындаты асау күй екпіндеп соққан дауылмен дүниені шарлап бақты. Халық қарияның маңына шотырлана түсті. Күйші карт домбырасын бұрынғыдан да екпіндетіп шертті. Қос ішекті безілдетіп қакқан сайын қарияның құлағына орап тастаған ұзын

мұрты дауылпаздың қанатындай желпілдегі де тұрды. Төсін жапқан ақ сакалы сауағына келіп оралады. Қария сакалын екі айырып, нықтан асыра артына қарап серпіп тастады да, домбырасын жаңадан шерте бастады.

Қолына кішкене ғана домбыра ұстаған жас өспірім қыз бала қарияның жанына келіп отыра кетті. Қария күйін дотарды да, жеке гүлге көз тікті. Тек осыны ғана күтпін отырғандай, жас қызғалдақ қарияның алті күйін ала жөнелді. Оның перне басқан саби сауақтарына көз ілеспейді. Қарттың көзінен қуанғанынан жасы моншақтап, жас баланы мейірімді аталық құшағына қысып, оттай жайнаған қарашықтарынан кезек – кезек сүйеді. (119 сөз).

Ит – жеті қазығанын бірі



Иттің жеті қазығанын бірі екені әбден орынды және айдан анық.

Ит – Адам ата мен Хауа ананың алғаш қолға үйреткен жануары. Ол ең ақылды, ең сезімтал, ең алғыр етті үй хайуаны. Адам алғашқыда итпен аң аулап күн көрген. Кейінірек басқа да жануарларды (түйені, жылқыны, қойды, сиырды) қолға үйретіп, оны итке бақтырған, күзеттірген. Сөйтіп байлығына байлық, ырысына ырыс қосқан. Ит адамға ұзақ ғұмырына жолдас, ермек болған. Басына қиын – қыстау күн туғанда ес болған, қорған болған.

Бұл хайуанның екі миллионға жуық ністі ажырататын қасиеті бар екен.

Иттің осы ерекшелігін адамдар тұрмыста кенінен пайдаланған. Мысалы, ұрыс кезінде итті хабаршы ретінде пайдаланған. Ең бастысы шекара күзетінде ит жауынгерлердің сенімді серігі. Ит медицина ғылымын дамытуда да өз үлесін қосып келеді. (114 сөз).

¹ Қариябеов М., Назипова С., Мұсағарманова О., Қошаров Р. Ұлттық тәуелсіздік процесі. - Ташкент: Мединангит, 2011. - Б. 49.

Жеті қазына

1. Ақыл да, қайрат да (өржектер үшін қазына)
2. Көрікті де, дана әйел (әйелдер үшін қазына)
3. Ғылым – білім
4. Сымбатты жүйрік ат
5. Алыр ит
6. Қыран бүркіт
7. Берен мылтық

Захириддин Мухаммед Бабур



Бабур – Темурилер әулетінің талантты өкілі, өзбек классикалық әдебиетінің ірі өнегесі, ұлы ақын, тарихшы, географ, қабілетті қолбасшы.

Ержүректігі әрі батырлығы үшін оны жастайынан «Бабыр» («Арыстан») деп атайды.

Бабыр Әндіжанда туылған. Әжесі Омаршах Мырза Ферғана ханы еді. Мын төрт жүз тоқсан төртінші жылда Омаршах өлген соң, Бабыр әжесінің орнына таққа отырды.

Бабырдың тағдыры қиын болған. Ол өмір сүрген кезеңде Темурилер мемлекеті бөлшектеніп кетеді. Дешті Қыпшақ билеушісі Мухаммед Шайбанихан Мауароуннахрды басып алу үшін күйіп – жанатын.

Бабыр мен Шайбанихан әкелері бетпе – бет келіп шайқасты. Женілген Бабыр Отанды тастап кетуге мәжбүр болды.

Мын бес жүз төртінші жылы Бабыр Ауғанстанның астанасы Кабул қаласын иеледі.

Бабыр жиырма екі жылдан соң, Үндістанды басып алады. Үндістанда Бабурилер салтанатына негіз салды. Бабыр әділетті патша болып, атағы шығарды. Мәдресе құрғызды, география, математика, астрономия, діни ілімдерді оқытуды жолға қояды¹.

Бабыр мың бес жүз отызыншы жылы қырық жеті жасында дүниеден өтеді. (118 сөз)².

Сөз жасам, морфологияны қайталау

Әке



Қалыр – менің әкем. Ей, шіркін дүние – ай десеіші!

«Әке» деген сөзді айтқанда, жүрегім қарс айрыла жаздайды – ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Балағар менің әкем ананы сатып әперетін болды, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп мақтанып етіп жатады. Ал, мен болсам, әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені, ол майданға аттанғанда мен екі жастамын. Екі жасар ақылмақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады.

Ей (қайран әкем) егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан төрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер - әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар. Кімге де болса әке абден керек. (108 сөз)³.

¹ Усманов К., Жораев У., Нарзулов Н. Өзбектің тарихы. - Ташкент: Оқотуш, 2014. - Б. 14.

² Ферғана 118 сөз.


³ Ферғана Сөзжасау. Әлімнің ішкі – жола хыялына алынған.

Ұлы Достық (Рашид)



Күс қанатсыз көкке орлеп ұша алмайды. Балық сусыз жасай алмайды. Ал, адамзат доссыз өмір сүре алмайды. Жас кезінен бастап-ақ басқалармен достасып, оны өмір бойы қадірлей білуін керек. Сонда ғана шын дос пайда болады. Бір патша үш ұлына: «Бағаларым, атыңызды қалдыратындай іс істемдер, - деп уақыт берітті. Үлкен ұлы әлемі үй құрдырыпты. Ортаншысы бақ егіп, жеміс – жидіекті ағаш өсірітті. Кенжесі қазына достарын көбейтітті. Бұларды көрген ата: Уақыты келгенде үй тозып құлайды, бақ та құрып қалуы мүмкін, бірақ шын дос қана өмірдің ақырына дейін досына жақсылық етеді. Кіші ұлым өте дұрыс жол таңдаған, - деп барлық байлығын оған тапсырыпты. (98 сөз).

Аяз би



Елі отыз күн ойын, қырғық күн тойын қылып, Жаманды ақкиізге салып, хан көтерді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін көшіріп алады. Ол таққа мінген соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты.


Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса бұған келіп, теңдік тауып кетіп жүріпті. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін

бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойыпты. Аяз би әділ болды. Тура билік ететін еді. Жағдайы нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жырттық тоны мен жаман тымаған ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде көңілі ауытқып, тура жолдан тайып десе, шегелеуді тымағы мен тонына қарап. «Ай, Аяз баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл» - деп көңілін басушы еді. (110 сөз)¹.

8- сыныпқа арналған мәтіндер (120-140 сөз)

Ата салттың – адамдық қалпың!

Ізгілік бастауы



Ата – бабаларымыз Ұлыс күнін ізгілік, имандылық, парасаттылық мақсаттарға пайдаланған. Наурыз күні адамдар бақай есеп, пенделшілік атауынан тазарып, ар – ожданы алдында арылуы керек.

Ұлыс күні алдына келсе, атанның құнын Кешп», «Жақсылыққа жақсылық - әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі», «Тас атқанға – ас ат» секілді нақылдарды өзек етіп, ту көтерген билер, араздасып араға жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарханнан дәм таттырып табыстырған және осылайша ел билігін күшейткен.

Отбасы бұзылғандарды қайта қосып, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау етіпті. «Сүйекте дақ, етке таңба болмасын», - деп кембаял, мүлдемдерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп отырған. (97 сөз).

¹ «Аяз би» ертегісі.

Наурыз мейрамының киімі



Ер адамдар ақ көйлек пен ұлттық киімін киеді. Ақсақалдар ақ көйлек пен шекпенін не шапанын киіп, белбеу буынып, басына ақ қалпақ киген. Жігіттер үстіне өңірі кестеленген жағалы ақ көйлек, шопак жөн камзол, бағалы өрнектелген кең баалақ шалбар киіп, беліне кемер белбеу тарттады. Аңшылар қыраны мен тазысын алып атқа мінген. Әжелер басына күндік киіп, ақ жаулық тарттады. Мақпал ішітін киіп, жібек белбеу буынады, қолына сақина, білезіктерін ілген. Әйелдер бүрмелі ақ тартғын көйлек пен қынамалы камзол, басына кимешек киеді. Жас келіншектер ақ жібек көйлек, қынама белдік тағып, басына сәукелесін қондырған. Бойжеткен қыздар қынамалы қызыл камзол, қызыл етік, басына қарқаралы үкпі бөрік киеді. (108 сөз)

Ұлттық ойындар

Көкпар




Өле ертеден келе жатқан ұлттық ойындардың бірі — көкпар. Ата — бабаларымыз жаз айларының бейнесіне «оттан жаралған» қой малын қыс айларының бейнесіне «тастан жаралған» ешкі

түлігін алған. Жалдырап жаз шыққанда «зұлымдық атаулының аты өшсін», - деп қыс бейнесі — кара ешкі сойылып, додаға салынады екен. Сонымен көкпарды тарту тәртібі төмендегіше болады. Көкпаршылар аланды айналып тұрады. Қолында көкпары бар төреші оны аланның ортасына тастап «баста» деп әмір береді. Лап қойған жігіттер лақты бас салады. Белгіленген жерге көкпарды кім бұрын әкелсе, сол жігіт жеңімпаз атанады. Жеңіске жеткен көкпаршы жігіт тиісті сыйлығын алады.

Ұлттық ойындарды ойнап жеңіске жету де — үлкен өнер болып табылады. (94 сөз)¹.

Сөз өнері



Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп қисынның, кестесін сөз арқылы тысқа шығару — сөз шығару болады. Шығарма дегеніміз — осылай шығарған сөз. Сөзді бұлай етіп шығаруға көп өнер керектігі жоғарыда айтылды. Сөз шығару өнерді қорек қылса, өнер ғылымды қорек қылады. Мұнан сөз өнерінің ғылымы туады.

Шешен сөзде айтушының мақсаты — баяндап, сипаттап түсіндірумен қоймай, нандыру, сендіру, ұйыту, иман келтіру болады. Осыны істеу үшін шешендер жай пайымдауларыныңша айтқан сөздің адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді. Сөз қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты ойын да, бойын да бапқыттып билеп алып кетуге ыждаһат етеді. (А.Байтұрсынұлы)

кеп: «Уай, тақсыр, анама жақсылық жасап, риза етіп, ақ батасын алдым. Енді кімге жақсылық жасаймын! – деп сұрапты. «Тағы да анана!» - деп жауап беріпті пайғамбар. Арыдан аз уақыт өтті ме, көп уақыт өтті ме жаңағы мұсылман пайғамбарға үшінші рет келіп «Екінші жақсылықтыңды да анама жасадым. Үшінші тағы кімге қайырлы іс жасап, ақ батасын алайын – деп сұрағанда пайғамбар: «Тағы да анана» - деп жауап беріпті. Төртінші рет қайырымды мұсылманға: «Енді атаңа жақсылық жасасаң болады!» - деген екен. (140 сөз)¹.



Ана

Ананың тілі, ананың махаббаты, ананың тілегі – тіл жетпес бір теңіз емес пе!²

Па, шіркін, ананың айналып-толғанғаны кімнің есінен кетеді. Шырғылдап жерге түскенде-ақ сенің енбір досың, енбір жақының, енбір ұстазың бар. Ол – ана. Қара жерді баспай жатып, есінді білмей жатып, тырмықсып бауырына жабысатып, шырғылдап жылап, сенің іздейтінің – ана. Сен жан болып дүниеге келдің. Сенің іздейтінің бір-ақ жан. Ол – ана. Ол саған бәрінен қымбат. Сен үшін ол жалпақ дүниеден де үлкен. Сондықтан да бір-ақ жанды білесің. Ол – ана! Міне анаға деген махаббат сенің құңдақта жатқан күнінен-ақ басталады. Ананың жолы басқа. Ана деген сөздің өзі ыстық. Ана десе, толқымайтын жүрек, тасымайтын қан, сөзбейтін сезім болуға мүмкін емес. Мен білетін қазақ әйелі, қазақпын дейтін қарақөз, қара баланың анасы, сенің

жүрегің нәзік, сенің махаббатың балаға тіл жеткісіз биік. (127 сөз)¹.

Ұлттық ойын

Бастаңғы



Ауылдағы үлкен кісілер бір жаққа қонаққа кеткен жағдайда, қыздар бас қосып, бір үйге жиналады. Сонда қыздар бастаңғы ойнап – күліп сырласады. Бұған жас жетпегендері де қатысады.

«Қызға қырық үйден тыйым» деген қатал тәртіп қыз баланың секеңдеп, ербендеп жүруіне жол бермейді. Сондықтан қыздың өз үйінен себебісіз ұзап шығуы сирек кездеседі. Көбіне шешесімен бірге үй шаруасымен шұғылданады. Одан кейінгі бос уақытыңда кесте тігеді, ою ойнап, тоқу өнерін үйренеді. Бастаңғы - қыздардың өз бетімен әрекет етуінің бір шарасы. Бастаңғыта жиналған қыздардың әр қайсысы тәтті – дәмдіні, құрт майды үйінен ала келіп, ортақ дастарханға салады. Таманың өздері әзірлейді. Қыздар қонақ күтуді, табақ тартуды, іс жүзінде үйренеді. Қыздар бастаңғыда әр түрлі ойын ойнап, көңілдерін көтереді. Үлкен кісілер келіп қалып, мазаларын алмауы үшін құрт – май, тәтті беріп, үй маңына балаларды қарауылы қаратып қояды. (130 сөз)².

Жақсылық

Жақсылық сондай нәрсе, ол көзге көрінбейді, ардайым тасада тұрып, адамдарға күндей жылулық беріп отырады. Өз үйінде кешегі істеген ісін немесе ешбір жан көрмеген жұмысын бүгін келіп, мен үйіттім, мен бүйіттім деп ауыз толтырып айту,

¹ Хадиспен алынған.

¹ Қазақ тілі оқулығынан.

² «Құдақ әлібетте» газетінен.

жай гана өзін баскаларга жаксы көрсететін мактау-сүйерлердің тірілігі. Жаксылык атаулы мен жаксы адам ешуакытта өзін шикеремейдi, үнемі жаксырын жатады. Оны көрген-билген жүрт кана айтады. Жаксылыктың көзге еленбей, жаксырынып жатса да шуакытта жерде калып койматыны да осыдан.

Алла татала өзі жаратқан эр пендесін бойына бір кабылет береді. Біредің бойында шеберлік болса, екіншісінде тұнып тұрған өнер, тагы баскасында терен білім болады. Сол кабылет кашанда адамның жеке, өзіндік ерекшелігі болып табылады. Өмірде байлыгын мактан етіп, өзгелерді елемейтін, менмендікпен карайтын, дүние-мүлкінің көптігінен өзін тым бөлек сынайтындар көп. Мұндайлар мен кейбіреулердің назарында бай, аукагты адамның ерекшелігі – жиган байлыгында. Ал алма-тесек дүниеде барлык нерсе болады емес пе? Бай кісінің де дәурені өтіп, кедейдің кейтін киген кезінде ол ел атарлы адамга айналады. Бірақ жай гана карпайым да емес, бойында ешканда ерекшелігі жоқ, құр сүлдесі калган адамга айналады емес пе?

Өнерлі өрге жүзеді



Эр адамның қолында өнері болса, ешқашан қиыншылык көрмейді. Халқымызда «Өнерлі өрге жүзеді» - деген даналык сөздер бар. Эркiм өзіне лайықты әрі сәйкес өнерді таңдай алса, ол бакытты болады. Өзінің қолынан келмейтін іске ұрынғандардың талабы алға баспайды. Етiкшi өрмек токи алмайды. Айдаушы адам емдемейді. Эр кәсіптің өзінің белгілі маманы бар. Эркiмнің иелеген мамандыгы, кәсібі - өнері болып табылады. «Өнерді үйрен де жирен», «Жігітке жеті өнер де аз» дегенде ата – бабаларымыз өнерлі болуға жастарды уагыздаган. Аналарымыз, апаларымыз өнерлеп кілем тоқиды, оюлап киіздер басады,

Қурактан көрпе-көрпешелер тігеді. Халык мұндай өнер иелерін он қолынан өнер тамғандар дейді.

Өнерсіз адам қанатсыз құспен тең емес пе? Өйткені күнделікті тұрмыста өнерің – қолыңдағы байлыгын, бастагы бакыттың болып табылады. Өнерлі адам арқашан да айналасындағыларга сыйлы, абыройлы болары анық. Сол үшін де жас кезінде оқып өнер үйрен. Жалықпай, ерінбей еңбек етіп, өнерлі болуға ұмтылу керек. (132 сөз).

Бата



Ертеде ұшы – қырғы жоқ ең далада бір кішкене ауылы тіршілік құрыпты.

Қиындығы мол өмір кешкен ауылдың бетке ұстар ауыртпашылықта арқа сүйер екі жігіт болыпты.

Аман ұстамды, мактануды сүймейтін болыпты. Түгел алақеуде, қызғаншақтау екен.

Аман бір-екі аңды артық әкелсе, түнеріп, өзіне де, өзгеге де жайсызданып кетеді екен.

Бір күні Түгел Аманға: - Осы сенің ылғи жолың болғыш, соны түсіндірші? – дегті.


Сонда Аман: «Жаксырын құпиям жоқ. Бірақ ақсақалдың ақ тілеуіңсіз жолға шықпаймын» - дегті.

Аман қурыған Түгел ауыл ақсақалына келіп: Аманға айтқан жөніңді маған да айтсаңшы!» - дегті.

Сонда ауыл ақсақалы: «мәңгілік жігіт күйімде қалам деп алданба, сенен де әл кетіп, таякка сүйенер кезін күтіп тұр. Бұл дүниеде азбайтын, тозбайтын бір-ақ нерсе – ол бата. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» - деп Түгелге батасын берген

екен. Содан Түгел де Аманның қатарына қосылып, мерген азамат атаныпты. (138 сөз)¹.

Қаракерей Қабанбай



Қабанбай жастайынан жаудың жауыздығын көзімен көреді. Жеті жасқа келгенде, әкесі Қожегұл батыр жау қолынан қаза табады. Он бес жасқа келгенде ағасы Есенбайды да қалмақтар далада өлтіріп кетеді. Осы екі қатыгездік қайсар баланың жүрегіне кек боп қатты. Соған шыдай алмай жауға аттанбақ болғанда, қасына ешкім ермейді. Еліне өкпелеп, ызаланған жас батыр жалғыз жортып барып, тұтқында түйе бағып жүрген қырғыз баласының көмегімен қалмақтың ел шапқыш батырлары Олже Жырғыл мен Арсаланды ебін тауып өлтіріп, кетін қайтарады. Одан Керей еліндегі жездесіне кетеді де, онда жылқыға тиген шапқышыларға қарсы айкаста көзге түседі.

Бада кезінде бітімі кесек, тұлғалы, ер асылды жөнгелері «Нар бала» атаса, жездесі қайрат-күші, батырлығына сүйсініп, «Қабан» атап кетеді. Ер жете келе жойқын күшімен, алғырлығымен, қайтпас қайсарлығымен танылған батырға Қабанбай есімі беріледі (Қ. Толмбасев). (119 сөз).

Махамбет
Ержүректік



Исатай тобы көз қаратайтын түтеген қарлы боранда Сағыз өзені бойындағы Барлықбай моласына жетіп, паналамақ болады. Бұлар жақындаған кезде, алдарынан адам тақылеттес бірдене сорайып көрінді де, шұбатылған түтінге ұқсал, қайтадан жерге шегіп кетті. Біреулер, «озбыр» деп қауіптенгенімен, Исатай мен Махамбет сыр берместен жетіп келді де үнгірді қарап өтіп, жолдастарына: «Қорықпай – ақ қойыңдар, осында қайтсек те түнеп шығамыз, басқа амағ жоқ» - деп сендірді. Ал Махамбет болса, ер – тұрманын жастанып, сол үнгірдің тура аузына жатып алды.

Ертесіне оянса, суық сорған аттары қалтырап, бауырдына мұз қаттып, дірілдеп тұр екен, түсі қашқан адамдардың сұрықсыз қалпын көргенде, Махамбет:

Ереуіл атқа ер салмай

Егеулі найза қолға алмай – деп қаһарлана толған жіберді.

Сонда алгі шаршап – шалдыққан жолаушылар көздеріне жас алып, серпіліп, серпіліп жүре берген деседі (М. Неталиев). (119 сөз).

Сөздік диктанттар

Сөз және оның құрамына байланысты

Өлкеге, атауыздың, айдыңа, бастықтың, еңбеккор, ауызбіршілік, қасашыда, ертеңгілік, бауырдыма, топырақта, құлыншақты, әлемдегі, дәріхана, еденде.

Тансырма: Жуан қосымшалы сөздердің астын бір сызықпен, жінішке қосымшалы сөздердің астын екі сызықпен сыз.

Сөз тіркесіне байланысты

Бүкіл сынып, ағаш қасық, әсем ән, үлкен үй, ақылды күшік, қалын киім, кешкі ұйқы, жандыбырлы күн, ғажайып түс, биік тау, әлемі гүл, жақсы адам.

Тансырма: Сөз тіркесін сұрақ қою арқылы анықтап, байланысын сызбамен көрсет.

Көру диктанты

Төбет



Сак төбетім Жолдыаяк,
Санқылдайды қоймай-ақ.
Бөріге қой бермейді,
Ұрыға бой бермейді.

Тансырма: Негізгі зат есім мен тәуелдеулі зат есімнің астын сыз.

1. Жақсы сөйлесе, аузынан гүл төгіледі,
Жаман сөйлесе аузынан жың төгіледі.
 2. Жақсы сөйлеген ас жер,
Жаман сөйлеген тас жер.
 3. Жақсының сөзі – өлшеп пішкендей,
Жаманның сөзі – түйедеп түскендей.
 4. Жақсының сөзі – шақтап,
Жаманның сөзі – тоқтап.
- Тансырма:** Берілген мақал-мәтелдерді жаттап құрмаластың қай түрі екенін ажыратыңдар.

Табалдырыққа шықпа

Көсеж атып қақтаға,
Шаньрақты дақтама.
Көрінем деп биіктеу,
Табалдырықты таптама.
Білмейсің бе мойында,
Айналдырма ойыңға.
Ден қоймасан ырымға,
Өспей қалар бойыңда.

Тансырма: Ұлылардың сөзінің мағынасын түсіндіріп, мазмұнына көңіл аударыңдар.

Даналық ойдан ден ізде

1. Күн жылытпайтын суық көңілі сөз ғана жылыта алады (Ғ. Мустафин).
2. Адамның басына конған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. (Әл-Фараби)
3. Кішіпейілдің абыройы асады,
Төкашпардың құты қашады. (А. Йүгінеки)
4. Ақылды адам сөзді орныммен айтып, жөнді жауап күтеді. (С. Сарайи.)
5. Жақсы кітапты ағаш оқығанда жаңа дос тапқандай боғасың. (Ф. Вольтер)
6. Бала нені білсе жастан, ұядан-
Өле-өлгенше соны таныр қиядан. (Ж. Баласағұни)¹.

Терме диктант

Бұл қай кезде болады?


Өрік, алма,
Шие, алша,
Жидек, жүзім піседі.
Қауын, қарбыз,
Қияр, сабіз
Дүкендерге түседі.

¹ Ортазақбаева Н., Әмірова Н., Салықова Н. Қазақ тілі сөз маңызы. 10-сынып. – Алматы: Мектеп, 2006. – Б. 24.

Астық пісіп,
Орақ түсіп,
Қырман денге толады.
Айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?

Тапсырма: Бастауышты тауып, қай сөзбен байланысып тұрғанын сызбамен көрсет.


Татулық



Біз ең тату сыншыпыз. Біз барлық кезде біргеміз, доспыз. Біздің сыншыпта білімді де, биші де, әнші де бар. Қандай да бір іс шара ұйымдастырғыла, біздер белсенділік танытамыз. Татулықты ту қылып, бірлікті ұранға айналдырған біздің сыншып осындай.

Тапсырма: Туынды сөздерді теріп жазып, сөз құрамына талдау.

Ұшатын жыландар




Құстың ұшатынын бәрі біледі. Ал жыланның ұшатынын кім біледі?

Оңтүстік Азияның тропикалық ормандарында кездеседі. Олар ағаштың басында тіршілік етеді. Ұшу алдында олар бүйір терілерін қампиртып, қамданып алады. Содан кейін денесімен тіреп қатты секіріп қалады да, қалықтап барып екінші бұтаққа қонады.

Тапсырма: Етістіктерді теріп жаз.


Шығармашылық диктант

Шығармашылық диктантқа мысалдар:



1. Төмендегі сын есім сөздермен көрсетілген суреттен қолданып диктант текстің құраңдар. Мысалы:

1. қызықты
2. мазмұнды
3. әдебиет
4. суретті кітап
5. ренді суреттері бар
6. ертегі кітап
7. тәсірлі
8. есте сақтау
9. құнды
10. бағалы



2. Кітаптың суретінен және төмендегі етістік сөздерден қолданып диктант тектін түзіндер. Жергілікті өзгешеікке ие сөздер жазсаныз оның соңына түсінігін жазындар.


1. сатып алу
2. сұрап алу
3. сұрап тұру
4. тауып алу
5. әсерлену
6. қайта-қайта оқу
7. айтып беру
8. сөйлеп беру
9. сыйға алу
10. сыйға беру



3. Төмендегі зат есім сөздерді қолданып мәтін түзу. Бұл кейінгі жалқы және жалпы есімдерді өткенде білімді нығайту үшін қолай диктант түрі.

1. қызыл кітапқа балықтар
2. шортан

3. сазан
4. лақа
5. жайын
6. ақ балық
7. шабақ
8. Уылдырық
9. табығат байлығы
10. Балық ауы



4. Төмендегі сөздерді қолданып диктант жазындар. Осы сөздердің қайсы сөз табынан жасалғанына көңіл аударындар және оларға сұрақ қойындар.

1. ата-ана
2. аға-іні
3. апа-сіңілі
4. тату-тәтті
5. күт-берекет
6. ағайын-туған
7. ағалы-қарындас
8. кемпір-әже
9. әке-шеше
10. мээ-мейрам

5. Төмендегі берілген сөздерді қолданып, сан есімдерді келтіре отырып мәтін жазындар. Санларды құрылысы жағынан талдандар

1. 1960-1970 жылдарда Арал

2. 1991 - жылдарда Арал
3. табынат
4. су - бұл тіршілік
5. тұзды шаң
6. адамдар денсаулығы
7. Аралым дәртім
8. Арал бойы халқы
9. Арал бүгін ертең болашақта
10. Арал және Мойнак



6. Төмендегі сөздерден керектіні таңдап, суретте көрсетілген үй жануарлары мен байланыстырып мәтін жазыңдар. Мәтіннен үстемдер және сын есімдердің түрлерін тауып салыстырыңдар.

1. жылқы
2. тайыншақ
3. жылқышы
4. ат шабыс
5. жылқы - үй жануары
6. тез
7. шалқыр
8. жүйрік
9. жүйрік қасқа
10. ат және уақыт түсінігі



7. Құстар тойында
Той басталды жаз келіп,
Қазан асты қаз келіп,
Ұзақ отты маздағты,
Тарғақ күріш тазартты.
Тапсырма: Сөз тіркесін сызбамен көрсет.

8. Байлық байлық емес,
Бірлік - байлық.
Аттан тай озады,
Атадан бала озады.
Ықылас пен ынтымақ,
Бігер іске болсын тап.
Аттын жүйрігі азаттан күтқарады.
Тапсырма: Берілген мақал-мәтелдердің негізгі мағыналарын сақтай отырып, оларды сұраулы сөйлемдерге айналдыру.

9. Өнер, қалам, оқу, сыз, сый, би, жап, бас, қой, орын, дәм,
қыс.
Тапсырма: Берілген түбір сөздерге жұрнақтардың тиістісін жалғап, туынды сөз жасау және сөйлем құрау керек.
10. Аспан, биік, ақын, қапағыз, Арман, ашы, оңыншы, жүгір, алматы, таяз, қасқыр, тон, жабысқақ, асады, қос, алпақ, бұдыра, елулей, Нұрзат, секір.

Тапсырма: Сөздерге сұрақ қойып, сөз таптарына топтап жаз.

11. Бейбітшілік, Отан, достық
Тапсырма: Берілген сөздерді қатыстырып, құрмалас сөйлемнен құралған әңгіме жаз.

12. Аш, сөйлем, баспа, керме, ора, кездес, ұшыа, орында, көмектес, төкпе, ойлан, айналма, жүгірме, итерме, биле.

Тапсырма: Болымды етістікті бірінші бағанға, болымсыз етістікті екінші бағанға көшіріп жазып, болымсыз етістік жасап тұрған жұрнақтарды бұрышпен белгіле және қатыстырып сөйлем құрап әңгіме жазындар.

Бақылау диктант

Кірпі



Өлден уақытта жел соға бастады. Ағаштардың ұшар бастары теңселіп, орман іші шуылдай жөнелді. Осы кезде бір ғажапты байқап қалдық. Тінділер секіріп жүрген қарағайлардың түбінен бір неше кірпі жорғалап шыға келді. Олар бастарын жоғары көтеріп қатты да қалды. Аспаннан әлдебір нарсе күткендей телміріп отыр.

Біз кірпілерге қарап тұрмыз. Ағаштың бастарынан кепкен санырау құлақтар түсе бастады. Кірпілер дайын асты арқасындағы инедей тікендеріне шаншып алады. Осылайша іннің ішіне тасып жүр.

Тапсырма: Екінші азат жолдағы сөйлемдегі сөз тіркестерін сызбамен көрсет және сөйлем мүшелеріне талдау жаса.

Аққу



Аққу-аса көркем құс. Оның салмағы жетіден он килограмға дейін жетеді. Мойны ұзын келеді. Түсі шымықай, ақ болады. Қара түстілері де кездеседі. Олар су өсімдіктерінің тамырларын және ұсақ жәндіктерді жейді. Аққулардың ең көріктісі және қолға ұстауға көнімдісі- сыбырлауық. Сыбырлауық Қазақстан жерін мекендейді. Бұларды парктар мен жеке су қоймаларында өсемдік үшін өсіреді. Аққу- сирек кездесетін құс. Сондықтан оны аулауға тыйым салынған.

Тапсырма: Бесінші сөйлемдегі сөздердің байланысын сызбамен көрсет және сөз құрамына талдау жаса.

Сары ұыз

Ұыз деген не, білесің бе? Ол –жана туған малдың: сиыр, қой, ешкі, түйенің алғашқы сүті. Ол өте қою, татті болады. Кейде ұыз көженің дәмін келтіру үшін тары мен шекер де араластырады. Сырдың ұзынынан ұыз көже жасап, бүкіл көрші-қоланды шақырады. Ұыз көже ішкен жұрт «ақ көбейсін» деп бата береді. Малдың төлдері ұызға әбден тоқым керек. Ұзына тоймаған төл жүдеу болып келеді. Сондықтан да үлкендер мал төлін әбден емізіп, ұзына тойдырады.

Тапсырма: Сұраулы, лепті сөйлемдерді хабарлы сөйлемдерге айналдырып жазу.

Кайырымдылык



Жұмыс іздеген екеу келе жатып, елу-алпыс вагон тізбегін көрді. Темір жиекті тактайды вагонның жиек теміріне іле алмай бір топ адам әбгерленіп жатыр.

-Әй, жұмысшылар, ана тактайды көтерісіп жіберіңдер!

-Не деп жатырсың, қожайын? Біз саған әзірге жалданғанымыз жоқ.

Бір жағы шала ілініп тұрған ауыр тактай екінші жағын қозғай бергенде жерге түре ете қалды. Қимылы ұнқалақтау біреу: «Ойбай, өлдімі!»-деп безек қакты. Жас жұмысшы бір қолымен тактайды көтеріп, бір қолымен безілдеп жатқанды суырып алды да:

-Өтпеген-ай... оннан артық адам тактайдың бір жағын көтере алмайды, а? Аға, ар жағын сүйеп жіберіңізіші, осынысың қойып берейін.

-Таста әрі! Ақша бермесе, қолыңды ауру қып керегі қанша? Тастай алмай жүрген жаның бар ма!

Жолдасының қатыгездігін ұнатпаған бала жігіт тіл қатпастан тактайдың вагон жақ шетін көтеріп, жарты кездей тактайды вагонның ішіне кіргізіп жіберді.

Тапсырма: Мәтіндегі қаратпа сөзі бар сөйлемдердің астын сыз. Жұмысшылар сөзіне дыбыстық талдау жаса.

Панасыздар

Табан мен нәлім балықтарының шабақтарын өсіріп, жеткізу жайында басы да ауырмайды. Уылдырық шашты да жөніне кетті. Ал олардан шығатын шабақтар қалай жетіліп өссе де мейлі. Бір жағынан оларды қиналауға да болмайды. Мыңдаған шабаққа бір аналық қайдан қарап үлгірсін. Бақа да сол сияқты. Бір шашқанда мыңнан артық уылдырық шашады. Әрине, мұндай панасыздардың бөрінің бірдей шығынсыз өсіп жетілуі өте қиын. Су ішінде олардың қаншама жауы бар. Көбісін уылдырық кезінде жұтса, енді біразын кішкене шабақ, итбалық қалтында жейді. Сөйтіп азғана бөлігі есейіп жетіледі.

Тапсырма: Дыбыстық талдау жасау.

Көкпар



Біздің ауылдың жайлауы таудың үстінде. Тау жоталары шұбатылып кетіп бара жатқан түйе көшіне ұқсайды. Мұнда биік шатқалдар мен жартастар көп. Машылар бір-біріне тауу орналасады. Ауылда той да болып тұрады. Сондай тойлардың бірінде көкпар тартылды.

Атқа мінген жігіттер лезде дайын болды. Көкпар қызығын көру үшін ел түгел жиналды.

Жайлау жазық емес, сондықтан аттап басқан сайын өрте шығу керек. Көкпаршылар ат үстінде күш сынасып, көкпарға берілген серкені тартысып жүр. Серкені біреу жұлып алып, өңгерсе қашты. Басқалар оны қуып, қайтадан тартыс басталды.

Танырма: Машылар, көкпаршылар сөздерінің тасымалдану жолын көрсету. Сөз құрамына талда.

Алтын сандық



Сенің ана тілің бай, тегеуріні мықты тіл, қымбатты балам!

Ең жақсы бала – ана тілін құрметтеген ұл мен қыз. Бұл сенің басқа тілі менгеруіне бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Өмірдің алмастай қырын, абызал сырын түсіне білуіне басты себепкер – сол ана тілің!

Ана тілдің бүте-шігесіне, терең ірімдеріне бойлай білу – саналы азамат болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол туған жерінде, елінде, Отаныңды, атамекенінде сүйе білу деген сөз. Кім ана тілін айырықша бағаламайды дейсін, ал қазақ халқы бұған ерекше зер салған ғой. «Ойнап айтсаң да, ойнап айт, күліп айтсаң да, біліп айт, сзлі айтсаң да сзлі айт».

Ана тілдің байлығын пайдалана алмаған адам – пақыр, күлкіге ұшырайтын жан.

Танырма: Мәтіннің мазмұнына өз ойларыңды қосып әңгімелендер. Ана тілі туралы ой толғаңдар¹.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер.
2. Әбілқасым А. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1997.
3. Бастасөз материалдары.
4. Бердібек Соқпақбаев. «Менің атым – Қожа» хикаятынан алынған.
5. Ел аузынан аңыз.
6. Исабаев Ә., Исаев С., Дәулетбекова Ж., Нишанова Г. Қазақ тілі, 6-сынып. - Ташкент: Өзбекистан, 2009. - Б. 196.
7. Қарымбаев М., Нишанова С., Мұсырманова О., Қошқаров Р. Ұлттық тәуелсіздік идеясы. - Ташкент: Маънавиет, 2011. - Б. 49.
8. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту. Жинақ. Алматы, 1997.
9. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Методикалық жинақ. Алматы, 2000.
10. Құлшағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы, 1985.
11. Омаров Б. Тыныс белгілеріне арналған терме диктанттар. – Алматы: Мектеп, 1984. – 61 б.
12. Оразакынова Н., Әмірсев Н., Сапакова Н. Қазақ тілі сөз мәдениеті. 10-сынып. – Алматы: Мектеп, 2006. – Б. 17.
13. Садүллаев А., Костецкий В. Тарих. 6-сынып. - Ташкент: Янги йул, 2015. - Б. 141.
14. Тұрсынғалиева С.Ч. Қазақ тілінен жазба жұмыстар. Алматы, 2008.
15. Усманов К., Жорасев У., Наркүлов Н. Өзбекистан тарихы. - Ташкент: Оқытушы, 2014. - Б. 14.

¹ Оразакынова Н., Әмірсев Н., Сапакова Н. Қазақ тілі сөз мәдениеті. 10-сынып. – Алматы: Мектеп, 2006. – Б. 25.

МАЗМҮНҮ

Кіріспе	3	9-сыныпқа арналған мәтіндер	57
Диктантты өткізуге қойылатын жалпы талаптар	5	Сөздік диктанттар	63
Диктант жазудың психологиялық ерекшелігі	5	Көру диктанты	64
Үйрету диктанттарының маңызы	6	Терме диктанты	66
Әріп диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар	6	Шығармашылық диктанты	67
Бұрын диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар	8	Бақылау диктанты	72
Сөз диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар	8	Пайдаланған әдебиеттер	77
Сөйлем диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар	9		
Есту диктанты	10		
Көру диктанты	10		
Өздік диктанты	11		
Шығармашылық диктант	12		
Сөздік диктанты	13		
Терме диктанты	13		
Ескерту диктанты	14		
Бақылау диктанты	14		
Үйрету диктанттарының маңызы	15		
Диктантты жаздыру техникасы Бұлғайша құрылады	16		
Диктантты жаздыруға қойылатын талаптар	18		
Диктантты бағылау нормалары	19		
Диктант және тіл ұстарту	22		
Диктанттардың сөз саны	25		
Диктант мәтінін таңдау	25		
5-сыныпқа арналған мәтіндер	31		
6-сыныпқа арналған мәтіндер	38		
7-сыныпқа арналған мәтіндер	46		
8-сыныпқа арналған мәтіндер	53		

Қазақ тілінен диктанттар жинағы: (Әдістемелік көмекші құрал). / Тошкент, “ВАУОЗ”, 2018. – 80 бет.

ISBN 978-9943-5261-1-2

УДК: 811.512
КВК 83(5Ў)

Ы. Құттығұратова

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ДИКТАНТТАР ЖИНАҒЫ

(Әдістемелік көмекші құрал)

Техник мұхаррир Шохрух Ботиров
Дизайнер Баходир Тўхлиев
Сахифаловчи Бекзод Рахматов

Нашриёт лицензияси: А1 №234, 11. 02. 2013.

Босишта рухсат этилиди: 25.06.2018.

Офсет қоғози. Қоғоз бичими: 60x84 1/16.

Тімес гарнитураси. Офсет босма.

Хисоб нашриётти: 3,33. Шартли б.т: 5.

Адали 500 нуска. Буюртма № 18.

“ВАУОЗ” нашриёттида нашрга тайёрланди

“ВАУОЗ” МЧЖ матбав корхонасида чоп этилиди.
Тошкент. Лутфкор 1-тор кўчаси, 1-уй.